

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Э.А.Түркебаев атындағы жобаларды басқару институты

«Бизнес және менеджмент» кафедрасы

Басбаева Анар
Басбаева Маржан
Жанғазиева Шынар

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

«Кәсіпорын қызметінің рентабельділігін жоғарлату жолдары»

5B050600-Экономика

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Э.А.Түркебаев атындағы жобаларды басқару институты

«Бизнес және менеджмент» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

«Бизнес және менеджмент»

Кафедра меңгерушісі

PhD докторы, профессор

 С.Н. Досова

« 29 » 04 2019 ж.

Дипломдық жобаға

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА


Тақырыбы: «Кәсіпорын қызметінің рентабельділігін жоғарлату жолдары»

5B050600- Экономика

Орындаған: Басбаева Анар,
Басбаева Маржан,
Жанғазиева Шынар

Пікір беруші


экон.ғыл.кандидаты

 С.К. Серікбаев

« 24 » 04 2019 ж.

Ғылыми жетекші

экон.ғыл.канд., асс. профессор

 Г.Т. Андыбаева

« 23 » 04 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Э.А.Түркебаев атындағы жобаларды басқару институты

«Бизнес және менеджмент» кафедрасы

5B050600-Экономика

БЕКІТЕМІН

«Бизнес және менеджмент»

Кафедра меңгерушісі

PhD докторы, профессор

 С.Н. Досова
« 24 » _____ 2019 ж.

**Дипломдық жобаны орындауға арналған
ТАПСЫРМА**

Білім алушылар: Басбаева Анар, Басбаева Маржан, Жанғазиева Шынар

Тақырыбы: «Кәсіпорын қызметінің рентабельділігін жоғарлату жолдары»

Университет ректорының «25» 09. 2018 ж. №1064-б, «31».10.2018 ж. №1241-б
бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «20» сәуір 2019 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері Есеп-түсініктеме жазбаның
талқылауға берілген сұрақтарының тізімі мен қысқаша диплом жұмысының
мазмұны

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

1) Рентабельдік –қаржылық жағдайды талдаудың негізі ретінде қарастыру;

2) «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС қаржылық жағдайын және рентабельдігін талдау;

3) Ұйымның рентабельдігін жоғарылату жолдарын ұсыну;

Сызбалық материалдардың тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

11 кесте, 9 сурет, 20-жұмыс презентациясының слайды

Ұсынылған негізгі әдебиет барлығы 24 атау

Дипломдық жоба дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге көрсету мерзімі	Ескерту
1) Рентабельдік – қаржылық жағдайды талдаудың негізі ретінде қарастыру	03.02.2019	орындалады
2) «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС қаржылық жағдайын және рентабельдігін талдау	04.03.2019	орындалады
3) Ұйымның рентабельдігін жоғарылату жолдарын ұсыну	05.04.2019	орындалады

Аяқталған дипломдық жоба бөлімдеріне норма бақылаушының қойған
қолтаңбасы

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер (тегі, аты, әкесінің аты)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Норма бақылаушы	А.О. Сарсенбаева		

Ғылыми жетекшісі: э.ғ.к., доцент  Андыбаева Гүлсағат Тоқышевна

Тапсырманы орындайтын білім алушылар: Басбаева Анар, Басбаева Маржан,
Жанғазиева Шынар   

Күні «02» 01 2019 ж.

5B050900 – Экономика мамандығы студенттері Басбаева Анардың, Басбаева
Маржанның, Жанғазиева Шынардың
«Кәсіпорын қызметінің рентабелділігін көтеру жолдары» тақырыбына
жазылған
дипломдық жобасына

**ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ
ПІКІРІ**

Қазіргі уақытта дағдарыс жағдайында кәсіпорындардың табыстылығы
мен рентабелділігі аса зор көңіл бөлінуі керек. Рентабелділік экономикалық
тиімділіктің салыстырмалы көрсеткіші болып табылады. Ол кәсіпорынның
кірістілігі материалдық, еңбек және ақша және басқа да ресурстарды
пайдаланудағы тиімділік дәрежесін жан-жақты көрсетеді. Сондықтан
дипломдық жоба тақырыбы сөзсіз өзекті болып табылады.

Жұмыстың бірінші бөлімінде рентабельдік – қаржы жағдайды
талдаудың негізі ретінде қарастырылған.

Талдамалық бөлімде «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС – нің
қаржылық жағдайы мен рентабелділігі жан-жақты талданған.

Жұмыстың үшінші бөлімінде «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС
банкрот болу ықтималдығын бағалау және ұйымның қызметін жақсарту
бойынша ұсыныстар берілген.


Жоба құрылымдық бөлімдері арасында логикалық байланыс бар. Жоба
мазмұны тақырыбына толықтай сәйкес келеді. Қарастырылуға тиісті барлық
сұрақтар жан-жақты ашылған.

Дипломанттар дипломдық жоба жазу барысында өзін ұқыпты,
ізденімпаз екендігін көрсете білді, берілген тапсырмалар уақытылы, дер
кезінде орындай білді.

Тақырыптың өзектілігін және мазмұнын, дипломанттардың жұмысқа
деген қарым-қатынастарын ескере отырып, «Кәсіпорын қызметінің
рентабелділігін көтеру жолдары» тақырыбына жазылған дипломдық жобаны
Мемлекеттік аттестациялық комиссия алдында қорғауға жіберуге болады және
«өте жақсы» (90%) деп бағалауға болады

Пікір беруші

Э.ғ.к., «БЖМ» кафедрасының доценті
(лауазым, ғылыми дәрежесі, атағы)

 Андыбаева Г.Т.
« 23 » / 04 2018 ж.

5B050600 – Экономика мамандығы студенттері Басбаева Анар, Басбаева
Маржан, Жанғазиева Шынардың
«Кәсіпорын қызметінің рентабельділігін жоғарлату жолдары»
тақырыбына жазылған дипломдық жобасына

СЫН-ПІКІР

Әзірленген:

- а) графикалық бөлімі ____ - парак
- б) түсіндірме жазбасы ____ бетте

ЖҰМЫСҚА ЕСКЕРТУ ЖАСАУ

Кәсіпорын қызметінің тиімділігін сипаттайтын көрсеткіш рентабельдік немесе табыстылық көрсеткіштері болып табылады.

Нарықтық экономикадағы кәсіпорындардың басты тапсырмасы болып бүкіләлемдік халық шаруашылығының тұтынысын және оның өнімдеріне, қызметтері мен жұмыстарына азаматтардың тұтынысын минималды шығындар жұмсай отырып жоғары тұтынушылық қасиеті мен сапасымен қанағаттандыру, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуге салымдарды көбейту. Өзінің басты тапсырмасын жүзеге асыру үшін кәсіпорын пайданы көбейтуді қамтамасыз етеді. Сондықтан рентабельділікті көтеру басты міндет болып табылады.

Дипломдық жоба алдына қойылған мақсат, міндеттерін толғымен ашқан, өзбетінше логикалық аяқталған жұмыс деп айтуға тұрады.

Жобада «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің қаржылық жағдайына кешенді баға беріліп, өндірістік қызметіне талдау жасалды. Сонымен қатар, банкрот болу ықтималдығын бағалау және ұйымның қызметін жақсарту бойынша ұсыныстар берілген.

Қарастырылып отырған дипломдық жобаның мазмұны мен рәсімделуі бойынша ескертулер жоқ.

Жұмыс бағасы

«Кәсіпорын қызметінің рентабельдігін көтеру жолдары» тақырыбына жазылған дипломдық жобаны Мемлекеттік аттестациялық комиссия алдында сәйкесінше қорғалған жағдайда «жақсы» (88%) деп бағалауға болады

Пікір беруші

ҚазХКЖӨТУ «Экономика»
кафедрасының доценті
(тауазым, ғылыми дәрежесі, атағы)
Серікбаев С.К.

«24» 04 2019 ж.

ҚазҰТЗУ 704-02-У Сын-пікір



Краткий отчет



Университет:	Satbayev University
Название:	24.03 Рентабельность ОЗЕН на проверку.doc
Автор:	Басбаева Анар, Басбаева Маржан, Жангазиева Шынар
Координатор:	Гульмира Муханова
Дата отчета:	2019-04-29 12:22:17
Коэффициент подобия № 1:	5,2%
Коэффициент подобия № 2:	0,4%
Длина фразы для коэффициента подобия № 2:	25
Количество слов:	20 161
Число знаков:	170 857
Адреса пропущенные при проверке:	
Количество завершенных проверок:	32



К вашему сведению, некоторые слова в этом документе содержат буквы из других алфавитов. Возможно - это попытка скрыть позаимствованный текст. Документ был проверен путем замещения этих букв латинским эквивалентом. Пожалуйста, уделите особое внимание этим частям отчета. Они выделены соответственно. Количество выделенных слов 3

>>

Самые длинные фрагменты, определенные, как подобные

№	Название, имя автора или адрес гиперссылки (Название базы данных)	Автор	Количество одинаковых слов
1	Документ из базы НЭУ 51d53fb1-1d70-4694-85d9-0737c0a80d1d.pdf NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)	па	46
2	Ұйымның қаржылық жағдайын кешенді талдау және бағалау NARXOZ (NEU) (Кафедра Бухгалтерский учет, аудит и оценка)	Қамза А.Б., Боранбаева	27
3	Ұйымның қаржылық жағдайын кешенді талдау және бағалау NARXOZ (NEU) (Кафедра Бухгалтерский учет, аудит и оценка)	Қамза А.Б., Боранбаева	23
4	Документ из базы НЭУ 51d3df75-7830-4fc7-8346-0726c0a80d1d.doc NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)	па	18
5	Документ из базы НЭУ 51d53fb1-1d70-4694-85d9-0737c0a80d1d.pdf NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)	па	16
6	Ұйымның қаржылық жағдайын кешенді талдау және бағалау NARXOZ (NEU) (Кафедра Бухгалтерский учет, аудит и оценка)	Қамза А.Б., Боранбаева	15
7	Ұйымның қаржылық жағдайын кешенді талдау және бағалау NARXOZ (NEU) (Кафедра Бухгалтерский учет, аудит и оценка)	Қамза А.Б., Боранбаева	15
8	Документ из базы НЭУ 51d53fb1-1d70-4694-85d9-0737c0a80d1d.pdf NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)	па	15
9	Ұйымның қаржылық жағдайын кешенді талдау және бағалау NARXOZ (NEU) (Кафедра Бухгалтерский учет, аудит и оценка)	Қамза А.Б., Боранбаева	14
10	Ұйымның қаржылық жағдайын кешенді талдау және бағалау NARXOZ (NEU) (Кафедра Бухгалтерский учет, аудит и оценка)	Қамза А.Б., Боранбаева	14

>>

Документы, в которых найдено подобные фрагменты: из RefBooks

Не

обнаружено каких-либо заимствований

>>

Документы, содержащие подобные фрагменты: Из домашней

базы данных

Не обнаружено каких-либо заимствований

>> Документы, содержащие подобные фрагменты: Из внешних баз данных

Документы, выделенные жирным шрифтом, содержат фрагменты потенциального плагиата, то есть превышающие лимит в длине коэффициента подобия № 2

№	Название (Название базы данных)	Автор	Количество одинаковых слов (количество фрагментов)
1	Ұйымның қаржылық жағдайын кешенді талдау және бағалау NARXOZ (NEU) (Кафедра Бухгалтерский учет, аудит и оценка)	Қамза А.Б., Боранбаева Т.А., Наби Б.А.	788 (77)
2	Документ из базы НЭУ 51d53fb1-1d70-4694-85d9-0737c0a80d1d.pdf NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)	па	223 (20)
3	Документ из базы НЭУ 51d3df75-7830-4fc7-8346-0726c0a80d1d.doc NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)	па	18 (1)
4	Документ из базы НЭУ 51d3ac9f-79e4-427e-8f50-072bc0a80d1d.doc NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)	па	15 (2)
5	Документ из базы НЭУ 51d50ef1-cbec-4aa9-8d98-073dc0a80d1d.doc NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)	па	6 (1)

>> Документы, содержащие подобные фрагменты: Из интернета

Не обнаружено каких-либо заимствований

Copyright © Plagiat.pl 2002-2019

АҢДАТПА

Дипломдық жобаның мақсаты – кәсіпорынның қаржылық қызметіне талдау жүргізе отырып зерттеу объектісінің рентабельдік деңгейін арттыру жолдарын қарастыру болып табылады.

«Өзен Сантехобслуживание» ЖШС қаржы көрсеткіштерін нашарлағанына байланысты 2015-2017 жылдар кезеңінде бұл сұраныстың төмендеуіне кірістер мен кіріс бөлімдерінің құлдырауы, кредиторлық борыштың өсуі, меншікті капиталдың азаюы мәселелері айқындалған.

Бұл мәселелерді шешу жолдары ретінде жарнаманы және маркетингтік стратегияларды жетілдіру, сонымен бірге BPM ұсынған тұжырымдар негізінде әрекет ету қажет деп ұсынылған.

АННОТАЦИЯ

Целью дипломного проекта является рассмотрение путей повышения уровня рентабельности объекта исследования с проведением анализа финансовой деятельности предприятия. Выявлены факторы снижения финансовых показателей ТОО «Озен Сантехобслуживание» в период 2015-2017 годов, такие как уменьшение доходной части и доходов, рост кредиторской задолженности, снижения собственного капитала.

В качестве способов решения этих проблем предлагается усовершенствовать рекламу и маркетинговые стратегии, а также действовать на основе рекомендаций, предложенных BPM.

ABSTRACT

The purpose of the diploma project is to consider ways to improve the profitability of the object of study with the analysis of financial activity of the enterprise. The factors of decline in financial indicators of LLP "Ozen Santeobluzhivanie" in the period 2015-2017, such as a decrease in revenue and income, the growth of accounts payable, reduction of equity. As a way to solve these problems, it is proposed to improve advertising and marketing strategies, as well as to act on the basis of the recommendations proposed by BPM.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	
1	Рентабельдік –қаржылық жағдайды талдаудың негізі ретінде	10
1.1	Рентабельдік түсінігі және оны арттырудың резервтері	10
1.2	Рентабельдік көрсеткіштері және олардың түрлері	15
2	«Өзен Сантехобслуживание» ЖШС қаржылық жағдайын және рентабельдігін талдау	23
2.1	«Өзен Сантехобслуживание» ЖШС- нің қаржылық жағдайын кешенді бағалау	23
2.2	«Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің өндірістік қызметін талдау	31
3	Ұйымның рентабельдігін жоғарылату жолдары	37
3.1	«Өзен Сантехобслуживание» ЖШС банкрот болу ықтималдығын бағалау және ұйымның қызметін жақсарту бойынша ұсыныстар	37
3.2	Рентабельдік деңгейі мен табысты арттырудың жолдары	43
	Қорытынды	49
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	51

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасында нарықтық экономика күн өткен сайын күшеюде. Онымен бірге шаруашылық процессті реттеуші негізгі механизм ретінде бәсекеде күшеюде. Қазіргі экономикалық жағдайда әрбір шаруашылық субъектісінің қызметі- қызметінің нәтижесіне қызығушылық тудыратын нарықтық қатынастардың қатысушыларының кең ортасының назарын аударатын зат болып табылады.

Қазіргі уақыттағы кәсіпорындардың өмір сүруін қамтамасыз ету үшін басқарушылық персоналға бәрінен бұрын өзінің кәсіпорынының және потенциалды бәсекелестерінің қаржылық жағдайын дұрыс бағалай білуі қажет. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын анықтауда кәсіпорын қызметінің қаржылық-шаруашылық қызметін уақытылы және сапалы талдау маңызды орын алады.

Кез келген кәсіпорынның мақсаты пайда табу болып табылады және де ол экономикалық талдаудың маңызды объектісі болып табылады. Алайда, пайданың өзінің көлемі кәсіпорынмен өзінің ресурстарын пайдаланудың тиімділігін сипаттай алмайды. Кәсіпорынның жұмысының тиімділігін сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің бірі болып рентабельдік табылады. Жалпы мағынада рентабельдік қайта алынған ресурстарға қатысты жұмсалынған ресурстардың маңыздылығын сипаттайды. Осыдан дипломдық жұмыстың өзектілігі көрінеді.

Нарықтық қатынастар жағдайында, өзінің даму қарқының сипатталуына орай, кәсіпорынның қаржылық жағдайын ескере отырып, өзгеше бір тұрақты шешімдер жасауға тура келеді. Мысал келтірсек кәсіпорында сату қарқыны түсіп кетсе, онда осыған сәйкес тауарлар өндірісі азаяды немесе келешекке запас жасай отырып оның дамуының бұрынғы қарқынын кәсіпорын сақтап қалуы керек пе? Болмаса, егер өнімге сұраныс күтпеген жерде күшейген болса, бұрынғы қуаттылықпен көптеп өнім алуға бола ма? Кәсіпкерлік әжептәуір күрделі қаржыны талап ететін жаңа технологияларды дамыта ма немесе еңбекті интенсификациялаумен ма шектеле ме? Осының барлығы ақырында кәсіпорын ресурстарын пайдалануды бағалаумен байланысты.

Кәсіпорынның тиімді жұмыс істеу деңгейін бағалау үшін алынған нәтиже (жалпы табыс, пайда) шығындармен немесе пайдаланылған ресурстармен салыстыралады. Пайданың шығындармен өлшенуі рентабельділікті білдіреді немесе анығырақ айтқанда рентабельділік мөлшерін береді.

Іс жүзінде рентабельділік мөлшерін өлшеудің екі варианты қолданылады. Бұл пайданың ағымдағы шығындарға қатынасымен – кәсіпорын шығынымен (өзіндік құнымен) немесе авансыланған қаржы салымдарына (негізгі өндірістік қор және айналым құралдарымен) қатынасымен өлшенеді. Екі өлшеуіште өзара авансталған салымдардың айналым жылдамдығы көрсеткішімен байланысты.

Кәсіпорынның жұмысы іс жүзінде көптеген рентабельділік

көрсеткіштерін пайдаланады.

1. Өнімдер рентабельділігін барлық өнімдер бойынша және әрбір өнім түрлері бойынша есептеуге болады. Бірінші жағдайда ол өнімдер өткізуден түскен пайданың оны өндіру мен өткізуге жұмсалған шығындарға қатынасы есебінде анықталады.

Екінші жағдайда әрбір өнімдер бойынша рентабелділік анықталады. Ол тұтынушыларға өткізілген өнімдер бағасы бойынша, және өнім түрлерінің өзіндік құндарына байланысты.

2. Өндірістік қорлар рентабелділігі баланстық пайданың негізгі өндірістік қорлар және материалдық айналым құралдарының орташа жылдық құнына қатынасы арқылы есептеледі. Бұл көрсеткіштегі таза пайда бойынша да есептеуге болады.

3. Кәсіпорын салымдарының рентабелділігі, оның қарамағындағы бар мүліктер құны бойынша анықталады. Есептеулер жүргізуде баланстық және таза пайда көрсеткіштері пайдаланылады. Мүліктер құны бухгалтерлік баланс бойынша анықталады. Пайдадан басқа салымдар рентабелділігін есептеуде өнімдерді өткізудегі түсімді пайдалануға болады. Бұл көрсеткіш кәсіпорын мүлкінің 1 теңге салымына сату деңгейінің сипатын көрсетеді.

Рентабельділік көрсеткіштерін талдау міндеттеріне мыналар жатады:

- рентабельділіктің көрсеткіштерінің жоспарының орындалуын бағалау;
- табысқа әсер ететін факторлардың әсерін анықтау және сандық өлшеу;
- табысты бөлу бағыттарын пропорцияларын және тенденцияларын зерттеу;
- табыстың өсу резервтерін анықтау;
- кәсіпорынның даму перспективасын ескере отырып, табысты тиімді пайдалану жөнінде ұсыныстар жасау;
- рентабельділіктің әр түрлі коэффициенттерін және олардың деңгейлеріне әсер етуші факторларды зерттеу.

Рентабельділіктің көрсеткіштеріне нарықтық экономика жағдайындағы кәсіпорынның қаржылық қызмет жасау, қаржыландыру көздерін ынталандыру және оларды тиімді пайдалану сияқты мүмкіндіктерін анықтайтын, осы кәсіпорын қызметін тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштері жатады. Олар кәсіпорын қызметін түрлі бағытта белгілейді және олар экономикалық процеске қатысушылардың мүдделеріне сай топтастырылады.

Рентабельділік коэффициенттері салыстырмалы талдау мен кәсіпорынның қаржы жағдайын бағалаудың міндетті элементтері болып табылады, өйткені олар кәсіпорын рентабелін қалыптастырудың факторлық ортасын сипаттайтын маңызды көрсеткіштер.

Рентабельділік коэффициентіне талдау жүргізушілер:

- кәсіпорынның инвестициялау мақсатында қажетті рентабельді жеткілікті үрде ала-алу қабілетін көрсететін өлшеуіш;
- рентабельді болжау әдісі;
- шешім қабылдау және бақылау құралы ретінде пайдаланады.

Рентабельділік көрсеткіштерін төмендегілерді сипаттайтын 3 топқа біріктіруге болады:

- шығындарды өтемі;
- сатудың табыстылығы;
- капитал және оның бөліктерінің табыстылығы.

Кәсіпорынның жеке құралдарының рентабельділігі таза пайданың баланс бойынша анықталатын жеке құралдарына қатынасымен анықталады. Ұзақ мерзімдік қаржылық салымдардың қайтарымын есептеу де ұтымды болады. Бұл көрсеткіш бағалы қағаздар мен өзге кәсіпорындарға салған үлестерінен алынатын кірістер сомасының ұзақ мерзімдік қаржылық салымдардың жалпы көлеміне қатынасымен анықталады. Алынған нәтижені өндірістік қорлардың рентабельділігімен салыстырған тартымды. Кейбір жағдайда ол өндірістік қорлардың рентабельдігінен жоғары болуы да мүмкін.

Дипломдық жобаның мақсаты – кәсіпорынның қаржылық қызметіне талдау жүргізе отырып зерттеу объектісінің рентабельдік деңгейін арттыру жолдарын қарастыру болып табылады.

Жұмыстың мақсаты оның келесідей *міндеттерін* анықтайды:

- кәсіпорынның қаржылық қызметіне талдау жүргізу үшін дерек көздерін жинау және жүйелендіру;
- кәсіпорынның қаржылық қызметін талдауды орындау;
- рентабельдік деңгейін анықтау;
- кәсіпорын табыстарын арттыру жолдарын анықтау.

Зерттеу пәні болып фирманың қаржылық қызметі табылады.

Зерттеу объектісіне «Өзен Сантехобслуживание» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі алынып отыр.

Жұмыстың бірінші бөлімінде рентабельділіктің теориялық негіздері қарастырылды.

Екінші бөлімде «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің қаржылық жағдайына және рентабельділік деңгейіне талдау жасалды.

Үшінші бөлім «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің рентабельдік деңгейін арттыру жолдары қарастырылған.

Жұмыста талдаудың келесі түрлері қолданылған: аналитикалық, горизонтальдық, вертикальды және қаржылық коэффициенттер әдісі.

Жоба команда мүшелерінің жауапкершілігі:

Басбаева Анар - 1.1 Рентабельдік түсінігі және оны арттырудың резервтері; 2.2 «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің өндірістік қызметін талдау;

Басбаева Маржан - 1.2 Рентабельдік көрсеткіштері және олардың түрлері; 3.1 «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС банкрот болу ықтималдығын бағалау және ұйымның қызметін жақсарту бойынша ұсыныстар;

Жанғазиева Шынар - 2.1 «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің қаржылық жағдайын кешенді бағалау, 3.2 Рентабельдік деңгейі мен табысты арттырудың жолдары.

1 Рентабельдік –қаржылық жағдайды талдаудың негізі ретінде

1.1 Рентабельдік түсінігі және оны арттырудың резервтері

Жалпыға белгілі, кәсіпорынның қызметінің нәтижесі әртүрлі көрсеткіштермен бағалануы мүмкін, атап айтсақ, өндірілген өнім көлемі, сату көлемі, пайда. Қаржылық немесе өндірістік нәтижені сипаттай отырып, аталған көрсеткіштер кәсіпорын қызметінің тиімділігін бағалауға қабілетті емес. Бұл, аталған көрсеткіштердің кәсіпорын қызметінің абсолюттік сипаттамасы болып табылатындығымен байланысты және олардың нәтижелілікті бағалау бойынша дұрыс интерпретациясы кәсіпорынға салынған қаражаттарды сипаттайтын басқа да көрсеткіштермен өзара байланысты жүзеге асырылуы мүмкін.

Кәсіпорын қызметінің тиімділігін сипаттайтын көрсеткіш болып рентабельдік немесе табыстылық көрсеткіштері табылады.

Экономикалық әдебиеттерде рентабельдік түсінігіне бірнеше әртүрлі түсініктер беріледі. Солардың бірі келесідей, рентабельдік- (неміс тілінен «rentabel» - табыстылық, пайдалылық) материалдық, еңбек және ақшалай ресурстарды кешенді пайдалануды көрсететін кәсіпорындағы өндірістің экономикалық тиімділік көрсеткіші [1,б.127].

Басқа авторлардың пікірі бойынша рентабельдік- бұл өндіріс шығындарының сомасына, өз қызметін ұйымдастыру үшін фирма мүлкінің сомасына немесе коммерциялық операцияларды ұйымдастыруға салынған ақшалай салымдарға пайданың қатынасын көрсететін көрсеткіш [2, б.208].

Рентабельдік- табысты қалыптастыруға салынған капитал мен табыстың арасындағы қарыс қатынасты білдіреді. Пайданы салынған капиталмен байланыстыра отырып, рентабельдік ұқсас тәуекел жағдайында кәсіпорынмен алынған табыстылық немесе капиталды альтернативті пайдаланудағы кәсіпорын табыстылығының деңгейін салыстыруға мүмкіндік береді. Барынша тәуекелді инвестициялар барынша жоғары пайданы талап етеді, яғни олар тиімді болуы үшін. Капитал барлық уақытта пайданы әкелетін болғандықтан, табыстылық деңгейін анықтау үшін пайда тәуекелге сыйақы ретіндеосы пайданы алу үшін қажет болған капитал көлемімен үйлестіріледі.

Рентабельдік кәсіпорын қызметінің тиімділігін кешенді сипаттайтын көрсеткіш болып табылады.

Оның көмегімен кәсіпорынды басқарудың тиімділігін бағалауға болады, қаншалықты жоғары пайданы алу және табыстылықтың жеткілікті деңгейі көбінесе қабылданатын басқарушылық шешімдердің дұрыстығы мен шынайылығына тәуелді болғандықтан. Міне сондықтанда рентабельдікті басқару сапасының критерийлерінің бірі ретінде қарауға болады.

Рентабельдік деңгейінің мәні бойынша кәсіпорынның ұзақ мерзімді игі жағдайын бағалауға болады, яғни инвестицияларға жеткілікті пайданы алуға кәсіпорынның қабілеттігін. Кәсіпорынның меншікті капиталына ақшаларын

салушы ұзақ мерзімді кредиторлар мен инвесторлар үшін аталған көрсеткіш барынша маңызды индикатор болып табылады, баланстың басқа баптарының қарым қатынасы негізінде анықталатын өтімділік пен қаржылық тұрақтылық көрсеткіштеріне қарағанда [3, б.132].

Пайда сомасы мен салынған капитал арасында байланыс орната отырып, рентабельдік көрсеткішін пайданы болжамдау процессінде де қолдануға болады. Нақты және күтілетін инвестицияларды болжамдау процесінде осы инвестициялардан алынады деп күтілетін пайда үйлестіріледі. Алынатын пайданы бағалау болжанған өзгерістерді есепке ала отырып өткен кезеңдердегі табыстылық деңгейіне негізделеді.

Сонымен қатар, рентабельдік инвестициялау саласында шешімдер қабылдауда, жоспарлауда, сметаларды құрастыруда, кәсіпорын қызметімен оның нәтижесін бағалау мен бақылауда маңызды роль атқарады [4,б.98].

Бұдан барып, мынадай қорытынды шығаруға болады, рентабельдік көрсеткіштері кәсіпорын қызметінің тиімділігін және қаржылық нәтижесін сипаттайды. Олар әртүрлі жайғасымдағы кәсіпорын табыстылығын өлшейді және экономикалық процеске қатысушылардың мүддесіне сәйкесті жүйелендіріледі.

Экономикалық әдебиеттерде әртүрлі авторлар рентабельдік көрсеткіштерін әртүрлі жіктейді. Осындай жіктеулердің бірі көрсеткіштерді төмендегідей жіктейді:

- шаруашылық қызметінің рентабельдігінің көрсеткіштері;
- қаржылық рентабельдік көрсеткіштері;
- өнімдердің рентабельдік көрсеткіштері.

Шаруашылық қызмет рентабельдігі (R) қайтарым нормасының кәсіпорынмен пайдаланылған барлық көздердің жиынтығына қатынасын сипаттайды, яғни салымшылар мен кредиторлардың табыстар сомасының (Π) олармен инвестицияланған капитал сомасына қатынасымен анықталады (ИК):

$$R = \frac{\Pi}{ИК} . \quad (1)$$

Мұндағы, Π - салымшылар мен кредиторлардың табыстар сомасы

ИК - инвестицияланған капитал сомасы

Шаруашылық қызмет тиімділігін бағалауда инвестицияланған капитал ретінде барлық активтер сомасын пайдалану қажет, себебі олардың жалпы көлемі кәсіпорынның барлық қарыздарын есепке алады, соның ішінде эксплуатация бойынша қарыздарын да.

Рентабельдікті есептеу барысында мынаны ескерген жөн, кәсіпорынға инвестицияланған капитал көлемі табысты алу кезеңінде өзгереді, сондықтанда ол орташа шама ретінде анықталуы керек. Бұл жағдайда ең дұрысы болып инвестицияланған капиталдың орташа хронологиялық мөлшерін есептеу

табылады.

Рентабельдік коэффициенттерін есептеуде кәсіпорын табыстарының әртүрлі көрсеткіштері қолданылуы мүмкін екендігін атап өткен жөн: жалпы пайда, таза пайда, сатудан алынған пайда. Шаруашылық қызметтің тиімділігін бағалауда барынша ақталған қадам болып таза пайда сомасы мен несие үшін төленген пайыздарды қолдану табылады. Осыны ескергендегі шаруашылық қызметтің рентабельдігінің негізгі көрсеткіші келесі формуламен анықталады:

$$R_A = \frac{ЧП + П_p \cdot (1 - C_H)}{\overline{A}} \quad (2)$$

мұндағы R_A - активтер рентабельдігі;

ЧП – таза пайда;

$П_p$ - несие үшін төленген пайыздар;

C_H - коэффициент түріндегі пайдаға салынған салық.

Алайда осы аталған формула бойынша рентабельдік деңгейін анықтау қиындық тудыруы да мүмкін, себебі, несиені пайдаланғаны үшін пайыз пайдадан қайтарылмайды, керісінше, өнімнің өзіндік құнына қосылған. Рентабельділіктің ішкі талдауын жүргізген кезде мұндай есептеулердің мүмкін екендігі анықталған. Талдаудың сыртқы субъектілері ақпараттардың болмауы жағдайында тек қана таза пайда көрсеткішін пайдалануы мүмкін. Бірақта ағымдағы есептіліктің деректері бойынша таза пайданы да дәл есептеу мүмкін емес, себебі онда кәсіпорын иелігінде қалатын таза пайда есебінен бюджетке төлемдер бөлінбейді.

Инвестицияланған капитал ретінде еңбек капиталының құнын қайтару нормасын сипаттау үшін айналым қолданылады ($\overline{OK}$), яғни:

$$R = \frac{\Pi}{\overline{OK}} \quad (3)$$

Бұдан басқа, өндірістік қызмет тиімділігін сипаттау үшін өндіріс рентабельдігінің көрсеткіштері есептеледі. Оны есептеуде инвестицияланған капитал ретінде материалдық айналым құралдары (МК) мен негізгі өндірістік қорлар (НҚ) сомасы ретіндегі өндірістік қорлар құны қолданылады:

$$R = \frac{\Pi}{\overline{OK} + \overline{MC}} \quad (4)$$

Егер есеп айырысуда қосымша көлем ретінде сатылған өнім көлемін қолданатын болсақ, онда өндіріс қызметінің рентабельдігінің формуласын келесідей түрде алуға болады:

$$R_{\text{пд}} = \frac{PP}{\overline{OF} + \overline{MC}} \cdot \frac{П}{PP} \quad (5)$$

мұндағы $R_{\text{пд}}$ - өндірістік қызмет рентабельдігі;

PP – сатылған өнім көлемі;

$\overline{OF}$ – негізгі өндірістік қорлардың орташа жылдық құны;

$\overline{MC}$ – материалдыө айналым құралдарының орташа жылдық құны;

$П$ – жалпы пайда.

Келтірілген формуладан көріп отырғанымыздай өндірістік қызмет рентабельдігі екі фактордың өзгеруіне тәуелді болады:

- өндірістік қорлар теңгесіне сату;
- сату теңгесіне пайда.

Бірінші фактор өндірістік қорларды пайдалану тиімділігін сипаттайды, яғни олардың сатылған өнім көлемі арқылы көрсетілетін қор қайтарымын.

Екінші фактор сатылған өнім көлемінің рентабельдік деңгейін сипаттайды.

Аталған факторлардың әсерін тізбектеу әдісі арқылы анықтауға болады.

Өндіріс рентабельдігіне екінші қатардағы факторлардың әсері сондай ақ үлестік қатысу тәсілімен анықталады. Рентабельдікке әсер ету жалпы пайдаға әсер етуіне пропорциональды түрде факторлар арасында бөлінеді.

Қаржылық рентабельдік кәсіпорынға ресурстарды ұсынатын немесе оларға тиесілі пайданың барлығын немесе кейбіреуін оның пайдалануына қалдыратын кәсіпорын иегерлерінің инвестицияларының тиімділігін сипаттайды. Қаржылық рентабельдік көрсеткіштерінің жүйесі авансыланған қаржылардың әртүрлі көрсеткіштеріне пайданың қатынасымен қалыптасады, олардың ішіндегі ең маңыздысы болып кәсіпорынның барлық активтері, инвестициялық капитал (жеке қаражаттар + ұзақ мерзімді міндеттемелер); акционерлік (меншікті) капитал табылады:

$$\frac{ЧП}{\overline{A}} < \frac{ЧП}{\overline{ИК}} < \frac{ЧП}{\overline{СК}} \quad (6)$$

мұндағы $ЧП$ - таза пайда;

$\overline{A}$ - барлық активтердің орташа жылдық құны;

$\overline{ИК}$ - инвестицияланған капиталдың орташа жылдық құны;

$\overline{СК}$ - меншікті капиталдың орташа жылдық құны.

Осы көрсеткіштер бойынша рентабельдік деңгейінің сәкес келмеуі табыстылықты арттыру, яғни ұзақ мерзімді несиелер және басқа да заем қаражаттарын арттыру үшін кәсіпорынмен қаржылық тұтқаны пайдалану деңгейін сипаттайтын болады [5, б.116]

Экономикалық әдебиеттерде қаржылық рентабельдікті есептеудің келесідей формуласы жиі кездеседі (R_Φ):

$$R_\Phi = \frac{ЧП}{СК} \quad (7)$$

мұндағы ЧП – таза пайда;

$\overline{СК}$ – меншікті капиталдың орташа жылдық құны.

Рентабельдікті есептегенде меншікті капиталдың құны кезең ішінде орташа шама ретінде есептелуі керек, себебі жыл ішінде меншікті капитал қосымша ақшалай салымдар есебінен немесе есепті кезеңде қалыптасқан пайданы пайдалану есебінен көбеюі мүмкін.

Табыстылық ставкасын (меншікті капиталға таза пайда немесе меншікті капиталға рентабельдік) сатудан түскен түсім көрсеткішін пайдалана отырып кеңейтілген түрде төмендегідей үлгіде алуға болады:

$$\frac{ЧП}{СК} = \frac{ЧП}{B} \cdot \frac{B}{СК} \quad (8)$$

Мұндағы

ЧП - таза пайда;

$\overline{СК}$ - меншікті капиталдың орташа жылдық құны; B - сатудан түскен түсім.

Келтірілген сызба табыстылық ставкасының меншікті капиталдың айналымдылығына және меншік иелері үшін өнімді сатудың пайдалылығына негіз болып табылады. Бұл өзара байланыс меншікті капиталдың рентабельдігіне әсер етуші факторларды толықтай сипаттай алмайды.[10]

Рентабельділік шегін анықтап алмай, ағымдағы шығындарды тиімді басқару мүмкін емес.

Рентабельділік - бұл кәсіпорынның табыстылық деңгейінің қатынастық көрсеткіші, ол қызметтердің түрлі бағыттарының (өндірістік, коммерциялық, инвестициялық және т.б.) табыстылығын, толықтай алғанда кәсіпорын жұмысының тиімділігін сипаттайды.

Сонымен қатар, рентабельділік - бұл ресурстарды пайдалану дәрежесі мен шығындар деңгейін сипаттайтын өндіріс тиімділігінің қатынастық көрсеткіші.

1.2 Рентабельдік көрсеткіштері және олардың түрлері

Рентабельдік көрсеткіштері кәсіпорын қызметінің тиімділігін және қаржылық нәтижесін сипаттайды. Бұл көрсеткіштер кәсіпорын табыстылығын әр түрлі ұстанымнан өлшейді және экономикалық үдеріс пен нарықтық айырбас қатысушыларының мүдделеріне сәйкес топтастырылады.

Рентабельдік көрсеткіштері кәсіпорын табысын құрудың факторлық ортасын сипаттайды. Сондықтан олар кәсіпорынның салыстырмалы талдауын және қаржылық жағдайын бағалауын жүргізуде міндетті болып табылады. Өндірісті талдауда рентабельдік көрсеткіштері инвестициялаудың және бағаны құрудың маңызды құралдары ретінде қолданылады.

Рентабельдіктің негізгі көрсеткіштерін келесі топтарға бөліп қарауға болады :

- 1) капитал рентабельдігінің көрсеткіштері;
- 2) өнім рентабельдігінің көрсеткіштері;
- 3) қолма-қол ақша қаражаттарының ағамдары негізінде есептелген рентабельдік көрсеткіштері.

Рентабельдік көрсеткіштерінің бірінші тобы табыстың әр түрлі аванстарын құралдар көрсеткіштеріне қатынасы арқылы есептелінеді.

Авансталған құралдар көрсеткіштерінің ішіндегі маңыздылары: кәсіпорынның барлық активтері, инвестициялық капитал, яғни меншікті қаражаттары мен ұзақ мерзімді міндеттемелері, акционерлік капитал. Таза табыс/барлық активтер → таза табыс/инвестициялық капитал → таза табыс/акционерлік капитал

Осы көрсеткіштер бойынша рентабельдік деңгейінің сәйкес келмеуі кәсіпорынның табысын арттыру мақсатында қолданылатын қаржылық тұтқалардың пайдалану дәрежесін сипаттайды: ұзақ мерзімді несиелер және басқа тартылған қаражаттар.

Бұл көрсеткіштерінің бір ерекшелігі – олар кәсіпорын бизнесіне қатысушылардың барлығының мүдделеріне жауап береді. Мысалы, кәсіпорын әкімшілігін барлық активтердің толық қолданылуы, яғни капиталдың табыстылығы; ал потенциалды инвесторлар мен несие берушілерді – инвестицияланатын капиталдың толық қолданылуы; меншік иелерін және құрылтайшыларды – акциялардың табыстылығы және т.б.

Барлық аталған көрсеткіштер факторлық байланыстар бойынша мына модель түрінде қарастырылады: Таза табыс/барлық активтер → таза табыс/сауда көлемі x сауда көлемі/барлық активтер

Бұл формула барлық активтердің рентабельдігінің және активтердің айналымының рентабельдігінің арасындағы байланысты ашып көрсетеді. Келтірілген формуланың экономикалық байланысы мынада: рентабельдікті арттырудың жолдарын тікелей көрсетеді, яғни егер сауда рентабельдігі төмен болса, онда активтердің айналым жылдамдығын арттыру керек. Таза табыс/акционерлік капитал = таза табыс/сауда көлемі x сауда көлемі/меншікті

капитал x меншікті капитал/акционерлік капитал

Көріп отырғанымыздай, меншікті капиталдың рентабельдігі өнім рентабельдігінің деңгейінің өзгеруіне, жалпы капиталдың айналым жылдамдығына және меншікті капитал мен тартылған капиталдың қатынасына байланысты. Осындай байланыстарды зерттеу рентабельдік көрсеткіштеріне әртүрлі факторлардың әсер етуін бағалауда маңызы өте зор.

Келтірілген байланыс басқа жағдайлар өзгеріссіз қалған кезде, тартылған капитал үлесінің артуы акционерлі капиталдың қолданылуын арттыратынын көрсетіп тұр. Рентабельдік көрсеткіштерінің екінші тобы кәсіпорынның қаржылық есептерінде көрсетілген табыс негізінде анықталынады:

Мысалы: Өнімді өткізуден пайда = баланстық пайда/сауда көлемі x салық салынатын пайда/сауда көлемі x таза пайда/сауда көлемі

Бұл көрсеткіштер өнімнің базистік (P_0) және есепті (P_e) кезеңдегі рентабельділігін сипаттайды. Мысалы, өткізу табысы бойынша өнімнің рентабельдігі: (P_0) келесідей формуламен анықталады:

$$P_0 = P_b / O_b, \quad P_e = P_e / O_e \text{ немесе } P_0 = O_b - K_{ob} / O_b, \quad P_e = O_e - K_{oe} / O_e, \quad P = P_e - P_0 \quad (9)$$

Мұндағы, P_e , P_b – есепті және базистік кезеңдегі өнімді өткізуден алынған пайда;

O_b , O_e – есепті және базистік кезеңдегі өнімді өткізу;

K_{ob} , K_{oe} – есепті және базистік кезеңдегі өнімнің өзіндік құны;

ΔP – базистік кезеңмен салыстырғанда есепті кезеңдегі рентабельдіктің өзгеруі.

Рентабельдік көрсеткіштерінің үшінші тобы бірінші және екінші көрсеткіштер топтарының құрылуына сәйкес, бірақ жалпы табыс сомасының орнына ақша қаражаттарының таза ағымы есепке алынады. АҚТА – ақша қаражаттарының таза ағымы. АҚТА/Сауда көлемі $\rightarrow$ АҚТА/жалпы капитал $\rightarrow$ АҚТА/Меншікті капитал

Бұл көрсеткіштер кәсіпорынның несие берушілермен, мердігерлерімен, акционерлерімен есеп айырысу мүмкіндігінің дәрежесін көрсетеді. Ақша қаражаттарының таза ағымы негізінде рентабельдікті есептеу тұжырымдамасы нарықтық экономикасы дамыған мемлекеттерде кеңінен қолданылады.

Кәсіпорынның өндірістік қызметінің рентабельдігі кәсіпорын өндіріс процесінде қолданылған капиталдың барлық көздерінің өтелу (пайда әкелу) нормасын білдіреді, яғни салымшылар мен несие берушілердің алған пайда сомасының олармен инвестицияланған капитал сомасына қатынасы болып табылады.

$$P_0 = P / IK \quad (10)$$

Мұндағы, P_0 – өндірістік қызметтің рентабельдігі;

П- салымшылар мен несие берушілердің алған пайда сомасы;

ИК –олармен инвестицияланған капитал.

Кәсіпорынның өндірістік қызметінің тиімділігін бағалау процесінде инвестицияланған капитал ретінде кәсіпорынның барлық активтері алынады,себебі олардың жалпы шамасы кәсіпорынның барлық қарыздарын ескереді.

Кейбір экономистердің ұсынысы бойынша, активтердің жалпы сомасынан өндіріске қатыспайтын,демек пайда табуға көмектеспейтін, негізгі өндірістік құралдарды, құрал-жабдыққа қондырғыларды, ақша қаражаттарын, материалды активтерді алып тастау қажет. Бірақ бұл бағыт толықтай ақталған деп есептелмейді және осы көрсеткіш практикада кеңінен қолданылмайды. Бұл тұжырым мынамен байланысты: кәсіпорын басшылығы өзінің қызметі барысында активтерді тиімді пайдаланумен қатар, құрал-жабдықтардың және т.б артық қорларын құрмай, активтердің құрылымына тиісті бақылау жасауы керек. Рентабельдікті есептеу кезінде пайда алу мерзімі ішінде кәсіпорынмен инвестицияланатын капитал шамасының өзгеруін ескеру керек, сондықтан бұл жағдайда инвестицияланған капиталдың орташа хронологиялық шамасын қолданған дұрыс деп есептеледі.

Рентабельдік коэффициенттерін есептеу кезінде кәсіпорын кірісінің әр түрлі көрсеткіштері қолданылуы мүмкін, олар: жалпы пайда, таза пайда, өнімді сатудан түскен пайда. Кәсіпорын өндірістік қызметінің тиімділігін бағалаған кезде таза пайда сомасын және несиелер үшін төленген пайыздар сомасын қолдану тиімдірек деп есептелінеді. Осыны ескере отырып, өндірістік қызметтің рентабельдігінің негізгі көрсеткіші келесі формуламен есептелінеді:

$$P_a = P_t + P_n \times (1 - C_n) / A \quad (11)$$

Мұндағы, P_a –активтер рентабельдігі;

P_t -таза пайда;

P_n -несиелерді пайдалану үшін төленген пайыз;

A -барлық активтердің орташа жылдық сомасы.

Бірақ, бұл формула бойынша рентабельдік деңгейін есептеудің бір қиындығы – ол несиелерді пайдаланғаны үшін төленген пайыз пайда есебінен қайтарылмай, өнімнің өзіндік құнына қосылған. Рентабельдіктің ішкі талдауын жүргізгенде мұндай есептеулерге жол беріледі. Ақпараттар жеткіліксіз жағдайда талдаудың сыртқы субъектілері тек таза пайда көрсеткішін қолдануы мүмкін. Бірақ таза пайданы ағымдағы есептердің мәліметтері арқылы дәл есептеу мүмкін емес, себебі онда кәсіпорын қарамағында қалатын таза пайда есебінен бюджетке төленетін төлемдер көрсетілмейді. Таза пайданы есептеу кезеңін таза пайдасынан сол кезеңдегі пайдаға салынатын салықтың мөлшерін алып тастау арқылы жуықтап анықтауға болады. Алынған нәтиже жоғары болады, оны тек ішкі талдау жүргізу арқылы жоюға болады.

Сонымен қатар, кәсіпорынның өндірістік қызметінің тиімділігін бағалау үшін өндірістің рентабельдігі көрсеткіші қолданылады. Оны есептеу кезінде инвестицияланған капитал ретінде негізгі өндірістік қорлар мен материалды айналым құралдарының қосындысынан тұратын өндірістік қорлардың құны қолданылады.

Кәсіпорынның сауда рентабельдігін талдау оның тиімділігін көрсететін көрсеткіштердің бірі. Бұл коэффициент өткізілген өнімнің бірлігіне қанша пайда табылғанын көрсетіп, кәсіпорынның коммерциялық маржасы деп аталады. Сауда рентабельдігін бағаларды көтеру немесе шығындарды азайту жолы арқылы көтеруге болады. Бірақ кейбір экономистердің айтуынша қажеттілігі нарық конъюнктурасымен анықталған өнімді өткізуді ұсынады.

Кәсіпорынның сауда рентабельдігі өнімді, жұмысты немесе қызметті өткізуден алған пайданы немесе таза пайданы алынған кіріс сомасына бөлу арқылы анықтауға болады.

$$\text{Сауда рентабельділігі} = \frac{\text{Өнімді сатудан алған пайда}}{\text{Алынған кіріс}} \quad (12)$$

Бұл көрсеткіш рыноктық экономика жағдайында кеңінен қолданыла бастады. Сауда рентабельдігін жалпы кәсіпорын және өнімнің жеке түрлері бойынша есептейді.

Сауда рентабельдігінің орташа деңгейі кәсіпорынның қызмет ететін саласына байланысты, сондықтан бұл көрсеткішке нақты белгіленген нормативтер жоқ. Бұл көрсеткішті талдау біртекті кәсіпорындардың көрсеткіштерімен немесе берілген кәсіпорынның жоспарлы көрсеткіштерімен салыстыру арқылы жүргізіледі.

Сауда рентабельдігінің басқа көрсеткіштерімен байланысын мынадан көруге болады :

$$\frac{\text{Құралдар оның құралу көздерінің рентабельділігі}}{\text{Сауда рентабельдігі}} = \frac{\text{Құралдар оның құралу көздерінің айналымдылығы}}{\text{Сауда рентабельділігі}} \quad (13)$$

Меншікті капитал рентабельдігі - кәсіпорынның меншігіндегі мүлкінің тиімді пайдалануын сипаттайтын ең маңызды көрсеткіштерінің бірі. Осы көрсеткіштің негізінде активтердің иесі оларды орналастыру орнын таңдауы мүмкін. Есептеу кезінде операциялық табыс емес, ал ұйым иелерінің арасында қандай да бір жолмен бөлінетін таза соңғы табыс қолданылады [6, б.78].

Меншікті капитал рентабельдігі таза табыстың меншікті капиталдың орташа жылдық құнына қатынасы бойынша есептелінеді :

$$\text{Меншікті капитал рентабельділігі} = \frac{\text{Таза табыс}}{\text{Меншікті капиталдың жылдық орташа құны}}$$

Демек, салымдардың тиімділігін арттыру үшін екі негізгі бағытта қызмет ету керек:

– Таза табысты арттыру – өткізу көлемін және сауда рентабельдігін арттыру;

– Меншікті капиталды кеміту – ағымдағы активтер мен пассивтерді тиімді басқару, қосымша қаржыландыруға қажеттілікті төмендету.

Меншікті капитал рентабельдігінің қорытынды көрсеткіші қалай және ненің есебінен құрылатынын түсіну үшін бір қатар аралық көрсеткіштерді қарастыру керек :

Таза активтер рентабельдігі – кәсіпорынның операциялық қызметінің тиімділік көрсеткіші. Оны операциялық табыстың таза активтердің орташа жылдық құнына қатынасы бойынша анықтауға болады. Мұндағы таза активтер = меншікті капитал + несие (қысқа және ұзақ мерзімді). Екінші жағынан таза активтер рентабельдігі олардың айналымдылығының және сауда рентабельдігінің есебінен құрылады.

$$\text{Операциялық табыс} / \text{таза активтер} = (\text{операциялық табыс} / \text{сауда көлемі}) \times (\text{сауда көлемі} / \text{таза активтер}) \quad (14)$$

Таза активтер рентабельдігі қаржылық тұтқа тиімділігін бағалағанда қолданылады.

Қаржылық тұтқа – таза активтердің құрамындағы меншікті және тартылған қаражаттардың арақатынасы, кәсіпорынның қызмет тиімділігіне несиелендіру әсерін сипаттайды. Қаржылық тұтқаның тиімділігін бағалауда негізгі көрсеткіші болып банк иесінің мөлшерлемесі табылады. Егер несие мөлшерлемесі таза активтер рентабельдік көрсеткішінен төмен болса, онда несиелер үлесінің артуы меншікті капитал рентабельдігінің мәнін өсіреді және керісінше.

Қаржылық тұтқа мәні таза активтер рентабельдігінің өсуі (кемуі) жағдайында меншікті капиталдың рентабельдігінің мәні қаншаға өсетінін (кемитінін) көрсетеді. Қаржылық тұтқа келесі формула бойынша есептелінеді:

$$\text{Қаржылық тұтқа} = \text{Таза активтер} / \text{Меншікті капитал} \quad (15)$$

Жоғарыда келтірілген көрсеткіштерді пайдалана отырып, келесі формуланы қолдануға болады:

$$\text{Сауда рентабельдігі} \times \text{таза активтер айналымдылығы} \times \text{қаржылық тұтқа} = (\text{операциялық табыс} / (\text{сауда көлемі}) \times (\text{сауда көлемі} / \text{таза активтер}) \times (\text{таза активтер} / \text{меншікті капитал}) = \text{операциялық табыс} / \text{меншікті капитал} \quad (16)$$

Меншікті капиталдың рентабельдігіне әсер ететін негізгі факторларға мыналар жатады :

Жедел операциялық қызмет факторлары:

– Сауда рентабельдігі;

– Таза активтердің айналымдылығы.

Қаржылық қызмет факторлары:

– Қаржылық тұтқа;

– Пайыздар және салықтар.

Рентабельдік көрсеткіштерінің деңгейіне және өзгеруіне барлық өндірістік-шаруашылық факторлардың жиынтығы әсер етеді: өндірісті және басқаруды ұйымдастыру деңгейі; капиталдың және оның құралу көздерінің құрылымы; өндірістік ресурстарды қолдану дәрежесі; өнімнің көлемі , құрылымы, сапасы; өндіріске жұмсалған шығындар және өнімнің өзіндік құны; қызмет түрлері бойынша табыс және оны пайдалану бағыттары.

В.В.Ковалевтың пікірінше рентабельдікті есептеу үшін ағымдағы шығындар, авансыланған құн, пайданы есептеудің әртүрлі әдістері қолданылады [7, б.339].

Рентабельдік көрсеткіштерін факторлық талдау методологиясы бойынша көрсеткішті есептейтін негізгі формулалары шаруашылық қызмет тиімділігін арттыратын сапалық және сандық сипаттамалар бойынша бөліп анықтауды білдіреді. Мысалы, жалпы рентабельдікті (активтер рентабельдігі) талдау үшін үш немесе бес факторлық модельді қолдануға болады

Модельді оңайлату үшін өнімді өндіру және өткізу шығындарын, еңбекақы төлеу, материалдарға шығындар және негізгі қорлар амортизациясы негізінде көрсетеміз. Модельді практикалық қолдану үшін материалдық шығындарына қондырғылардың, жартылай фабрикаттардың , өндірістік сипаттағы жұмыстар мен қызметтердің, жанармай және сатып алынатын энергия құнын қосқан жөн. Еңбекақы төлеу шығындарына әлеуметтік қажеттіліктерге арналған аударымдарды қосқан дұрыс. Сондай-ақ, басқа шығындарды жеке элемент ретінде немесе шығындардың негізгі түрлері құрамында пропорционалды түрде ескеру керек.

Өнім табыстылығы жоғары болған сайын, айналымнан тыс активтердің қайтарымдылығы мен айналым активтерінің айналым жылдамдығы жоғары болады, яғни 1 теңге өнімге жалпы шығындар төмен болған жағдайда активтер рентабельдігі жоғары болады. Жеке факторлардың әсері тізбекті ауыстыру әдісі немесе интегральді әдіс арқылы анықталады.

Пайдалылық көрсеткіші кәсіпорын қаржысының нәтижесін және оның қызметінің тиімділігінің салыстырмалы көрсеткіші болып табылады. Аталмыш көрсеткіш кәсіпорынның табыстылығын түрлі тұрғыдан өлшейді және экономикалық процеске, нарықтық алмасуға қатысушының мүддесіне сәйкес топтастырылады.

Пайдалылық көрсеткіші кәсіпорын пайда қалыптастыратын факторлық ортаның маңызды сипаттамасы ретінде болады. Осы себептен ол кәсіпорын қаржысының жай-күйін салыстырып талдайтын және бағалайтын міндетті элемент ретінде саналады. Өндірісті талдауда пайдалылық көрсеткіші инвестициялық саясат пен баға белгілеу құралы ретінде пайдаланылады.

Пайдалылықтың негізгі көрсеткіштерін төмендегідей топтастыруға болады:

- өнім пайдалылығының көрсеткіші;
- капитал (актив) пайдалылығының көрсеткіші;
- қолма-қол ақшалай қаражат ағынының негізінде есептелген көрсеткіш.

Көрсеткіштің бірінші тобы кәсіпорынның есеп-қисабында көрсетілетін пайда (кіріс) көрсеткішінің пайдалылық (табыстылық) деңгейін есептеу негізінде қалыптастырылады.

Нарықтық экономика жағдайында табыстың ролі ол атқаратын қызметтермен анықталады. ТМД елдеріндегі арнайы әдебиеттерде табыс қызметі туралы мәселе жөнінде бірыңғай пікір жоқ. Оған 2-ден 6-ға дейін қызметті жатқызады. Біздің ойымызша, ол тек екі қызмет атқарады:

- мемлекеттік бюджет табысының көзі;
- кәсіпорын мен бірлестіктердің өндірістік және әлеуметтік даму көзі.

Функциялардың және олардың өзара шарттылығындағы бірлігі, табысты шаруашылықты жіргізуші қоғамның, кәсіпорын ұжымының және әр жұмысшының экономикалық мүдделері байланысатын элементі ретінде көрсетеді. Осыдан табысты құру және бөлу (тарату) мәселелерінің маңыздылығы көрінеді, оның (тәжірибелік) шешілуі шаруашылықты жүргізуші субъектінің тиімділігінің алынған және оның иелігінде қалатын табыс көліміне қажетті тәуелділігін қамтамасыз етеді.

Табыс өз қызметтерін тиімді орындай алуы үшін келесідей негізгі шарттар қажет болады:

- Жуықтаудың белгілі бір дәрежесінде, өнім бағасы еңбектің қоғамдық қажетті шығындарын көрсетуі тиіс және ол сондай-ақ еңбек өнімділігінің үздіксіз өсуі мен өзіндік құнның төмендеуін ескеруі қажет.

- Бұйымдарды калькуляциялау және өнімнің өзіндік құнын анықтау жүйесі ғылыми негізделген болуы керек.

- Табысты бөлу (тарату) механизмі белсенді роль атқаруы керек және өндірістің дамуы мен оның тиімділігін арттыруда ынталандырушы фактор болуы тиіс.

- Табысты тиімді пайдалану тек қалған барлық қаржы тұтқаларының жүйесінде (амортизациялық аударымдар, қаржылық санкциялар, салық салу, акциздер, жал төлемі, дивидендтер, пайыздық мөлшерлемелер, арнайы қорлар, салымдар, пай (жарна) төлемдері, инвестициялар, есеп айырысу нысандары, несие түрлері, валюта және бағалы қағаздар курсы және т.б) ғана мүмкін.

Бірақ табыстың абсолютті мөлшері кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігі емес, экономикалық тиімділігінің көрсеткішіне жатады. 500 мың теңгелік табыс кәсіпорынның салынған капиталының мөлшері және қызметінің ауқымы бойынша әр түрлі көлемнің табысы болуы мүмкін.

Сәйкесінше бұл соманың салыстырмалы деңгейі айтарлықтай деңгейде бірдей болмайды. Сондықтан да алынатын табысты нақты бағалау үшін кәсіпорын қызметінің тиімділігін сипаттайтын және табыстылық деңгейін көрсететін рентабельділіктің әр түрлі көрсеткіштері жататын табыстылықтың салыстырмалы көрсеткіштері қолданылады.

Жиынтық табыс елдің ұлттық табысының құрамдас бөлігі ретінде үлкен

мәнге ие. Ұйым қызметінің ақырғы нәтижесі бола отырып, табыс олардың шаруашылық қызметінің тиімділік деңгейін көрсетеді. Табыс- мемлекеттік бюджеттің және кәсіпорындардың қаржылық ресурстарын қалыптастырудың негізгі көзі [8, б.119].

Тиімділіктің кеңейтілген негізгі ретінде табысты пайдалану, әрбір копорацияның қызметі нәтижесінде экономика алатын нақты экономикалық тиімділікті анықтауға мүмкіндік береді. Жиынтық табыстың артықшылығы- материал сыйымдылығын қысқарту, еңбек өнімділігін арттыру сияқты қызметтің маңызды жақтары барынша нақты көрінетіндігімен сипатталады. Бұдан басқа, зиянды ұйымдардың тиімділік деңгейін бағалау үшін де қолданылады. Табыс – төтенше таралған, кең түрде қабылданатын, сонымен қатар түрліше маңызды қолданылатын көп мағыналы ұғым. Сөздің кең мағынасында ақшалай құнына ие болуды кез келген ақша қаражатының түсімі немесе материалдық құндылықты алуды көрсетеді.

Ұйым табыстарының негізгі көзі- өнімді сатудан түскен түсім, дәлірек айтқанда, оның өнім өндіруге және сатуға кеткен материалдық, еңбек және ақшалай шығындарын алып тастағаннан қалғаны. Сондықтанда, әрбір шаруашылық жүргізуші субъектілердің маңызды тапсырмасы- қаражаттарды жұмсауды үнемдеуді қатаң қадағалау және оларды барынша тиімді қолдану жолымен, минимальды шығындар жағдайында, барынша көп пайда алу.

Өнімді сатудан түскен түсім әрекет етуші бағалармен есептеледі.

Кәсіпкерліктің дамуы және бәсекенің артуына байланысты өздерінің міндеттерін орындауда, ұйымдардың жауапкершілігі өседі. Өнімді сатудан түскен түсім көрсеткіші коммерциялық есеп айырысулардың талаптарына жауап береді және өз кезегінде кәсіпкерлік қызметтің дамуына қабілетті болады. Сапалы өнімдерді өндіру және сатудағы ұйымдардың қызығушылығы, осы өнімді сату көлеміне тікелей байланысты болатын пайда көлемінде көрсетіледі.

Өнімдерді сатудан түскен түсімнен басқа, негізгі қызмет нәтижесінде табыс көзі ретінде берілген коммерциялық несиелер бойынша пайыздар, сатып алушылардан аванстар, дебиторлық бережақты жабу сомасы және басқа да түсімдер табылады.

Негізгі қызметпен қатар ұйымдар, нәтижесінде дәл сондай сәйкесті табыс түрлері алынатын инвестициялық және қаржылық қызметпен айналысады.

Инвестициялық қызметтен мынадай табыстар түсуі мүмкін: негізгі қорларды, материалдық емес активтерді сатудан түскен табыстар, дивидендтер, ұзақ мерзімді қаржылық салымдардан алынған пайыз, бұрын берілген несиелерді қайтарудан пайыз және инвестициядан алынған басқа да табыстар [9, б.223].

2 «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС қаржылық жағдайын және

рентабельдігін талдау

2.1 «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің қаржылық жағдайын кешенді бағалау

«Өзен Сантехобслуживание» ЖШС кең ауқымды спектрді қамтитын саудалық компаниялардың бірі. Бұл ұйым 2013 жылдың 9 тамызында отандық нарықта өз жұмысын бастады. Қызметкерлер саны 101 адам жұмыс істейді. Оның негізгі бөлімшелері Өзен қаласында орналасқан. Олардың негізгі серіктестері: Қытай, Ресей, Корея, Малайзия, сонымен қатар Европаның бірқатар елдері болып табылады.

Серіктестік Қазақстан Республикасының заңы бойынша заңды тұлға болып табылады, өз қызметін ҚР «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі N 220 Заңы (2019 жылғы 21 қаңтардағы толықтырулар мен өзгерістерді ескере отырып) [10] және Қазақстан Республикасының басқа нормативтік актілері мен осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

«Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің тауарлық саясаты бойынша мақсаттарының тізімі:

- Сатылымды ұлғайту;
- Белгілі бір пайда мөлшерін ұлғайту;
- Кәсіпорынның қолайлы имиджін қалыптастырып, іскерлік белсенділікті арттыру;
- Бәсекеге қабілетті жағдайды жақсарту мен нарықтық үлесті арттыру;
- Тәуекелдерді төмендету мен өнім сапасын жақсартып, тұтынушылардың кең ауқымын тарту;
- Маусымдық және өзгермелі ауытқуларды реттеу.

«Өзен Сантехобслуживание» ЖШС келесідей операциялармен айналысады:

- мұнай, газ, су және барлау шыңырауларын бұрғылау;
- шыңырауларды ағымдағы (жер асты) жөндеу жұмыстарын жүргізу;
- шыңырауларға өте күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу;
- шегендеу жұмыстары;
- мұнайдан алынатын өнімдерді сату;
- мұнара құрастыру жұмыстары;
- су құбырларын дәнекерлеу жұмыстары;

Директор күнделікті жұмыстарды басқару функцияларын орындайды «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС оған нормативтік актілермен берілген өкілеттіктер шегінде Қазақстан Республикасының актілері бойынша шешім қабылдайды.

«Өзен Сантехобслуживание» ЖШС студенттерді практика өтуге мүмкіндік береді, студенттерге арналған стипендиялық бағдарламалар,

гранттар, сонымен қатар қазақстандық кадрлардың дайындаудың дамуына үлес қосады. Жыл сайын компания есебінен 5 студент оқиды, 32 студент Жоғарғы Оқу Орындарының бітірушілері «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС өндірістік іс-тәжірибе практикасын өтеді Жоспарлау, ұйымдастыру және тауарларды өткізу, сатып алу процесін бақылау, әлеуетті жеткізушілермен келіссөздер жүргізу сияқты қызметтермен айналысады. Сонымен қатар өнімді сатудың болашақ және ағымдағы жоспарларын әзірлеп, кредиторлық берешекті бақылайды және тұтынушыларға кеңес беріп, сатып алуды жеңілдетеді.

«Өзен Сантехобслуживание» ЖШС нарықта елеулі орын алу үстінде. Дегенмен қазіргі нарықта осы ұйымның бірнеше бәсекелестері бар болып табылады. Соған қарамастан, бұл кәсіпорынның қаржылық жағдайы жыл сайын көтерілуде және болашақта жетістіктерге жетуді алға қойып отыр.

Зерттелініп отырған ұйымның қаржылық қызметіне тоқталсақ, оның негізгі мүліктік жағдайын көрсететін көрсеткіштерге талдау жасағанымыз жөн деп санадық. Бұл көрсеткіштердің өзгеруін бухгалтерлік баланс негізінде талдадық. Оның талдамалық есептемесін төменде келтірілген кестелерден көруімізге болады, жалпы талдаулар А,Ә,Б-қосымшалары негізінде жүзеге асырылды.

1-кесте – «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің 2015-2017 жж. активтерінің құрылымы

Көрсеткіштер	Сомасы, мың теңге			Үлес салмағы, %		
	2015	2016	2017	2015	2016	2017
Барлық активтер:	238152040	16 716 449	177 517 302	100	100	100
1.Қысқа мерзімді активтер	238100065	16 672 574	177 481 527	99,98	99,7	99,98
2.Ұзақ мерзімді активтер	51975	43 875	35 775	0.02	0,3	0,02
Ескерту: 2015-2017 жж ұйымның бухгалтерлік баланс негізінде құрастырылған [11]						


Кестеден келе, активтердің құрамында ең жоғарғы үлес салмақты жыл басында қысқа мерзімді активтер алып отыр. Оған әсер еткен қысқа мерзімді активтердің есепті жыл басында 99,7 %, ал есепті жыл аяғында 99,98%-ға өсуі. Яғни алдыңғы жылмен салыстырғанда 0,28%-ға артқандығын көреміз. Оның артуының себебі, ақшалай қаражаттарының көлемінің өсуі болып табылады.

Дегенмен, дебиторлық берешек пен қорлардың шектен асып өсуі қауіпті. Себебі олардың уақытымен сатылмай және төленбей қалуы банкроттыққа ұшыратуы мүмкін. Бұл көрсеткіштердің көп болуы шығындарға ұшыратуы мүмкін. Жүргізілген есептеулерден келе, зерттелініп отырған ұйымда ұзақ мерзімді активтерді өткен жылмен салыстырғанда 8100 мың теңгеге кемігендігін байқаймыз. Бұған себеп, материалды емес активтер мен негізгі құралдардың біршама азаюынан болып отыр.

2-кесте – «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің 2015-2017 жж. міндеттемелерінің құрамы

Көрсеткіштер	Сомасы, мың теңге			Үлес салмағы, %		
	2015	2016	2017	2015	2016	2017
Барлық міндеттемелер:	238 152 040	67 140 703	267 157 770	100	100	100
3.Қысқа мерзімді міндеттемелер	236 584 449	41 928 576	222 337 536	99,3	62,4	83,2
4.Ұзақ мерзімді міндеттемелер	-	-	-	-	-	-
5.Меншікті капитал	1 567 591	25 212 127	44 820 234	0,7	37,6	16,8
Ескерту: 2015-2017 жж ұйымның қаржылық есептілік негізінде құрастырылған [11]						

«Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің міндеттемелерін талдай отырып, жыл басына қарағанда, жыл аяғында қысқа мерзімді міндеттемелердің сомасы 180 408 960 мың теңгеге артқан. Бұл жерде негізгі елеулі орынды кредиторлық берешек алды. Яғни кредиторлық берешектің артуы қысқа мерзімді міндеттемелерге әсер етті. Ұзақ мерзімді міндеттемелер алдыңғы жылмен салыстырғанда, 1388 мың теңгеге кеміген. Оған әсер етіп отырған, ұзақ мерзімді кредиторлық берешек пен салықтық міндеттемелердің өсуі әсер етіп отыр. Ал капиталдың үлесі 19 608 107 мың теңгеге өскен. Оның себебі, бөлінбеген пайданың есепті жыл аяғында көбеюі.



1-сурет – «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің балансының 2015-2017жж. құрамдық бөліктерінің динамикасы

Ескерту: [11] дерек көзі негізінде құрастырылған

Кез келген ұйымның қаржылық қызметіне оның өтімділігі ықпал етеді. Оны талдау үшін баланс өтімділігін айқындау қажет.

Баланстың өтімділігін талдау қажеттілігі қаржылық жағдайдың артуымен және кәсіпорынның кредиттік қабілеттілігін бағалау қажеттілігінен туындаған

нарықтық жағдайда туындайды. Кәсіпорынның балансының өтімділігін айқындау мәні активтерді топтастыруды өтімділік дәрежесі мен міндеттемелер бойынша міндеттемелерді өтеудің өзектілігі бойынша ұсыну қажет [15, 38 б.].

Сондықтан баланс өтімділігін кесте түрінде қарастырсақ:

3-кесте – «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің 2015-2017 жж. өтімділігін талдау

Актив-тер	Сомасы, мың теңге		Пассив тер	Сомасы, мың теңге		Өтімділігі	
	Жыл басы	Жыл аяғы		Жыл басы	Жыл аяғы	Жыл басы	Жыл аяғы
A1	2 026 485	109 236 512	П1	41 929 928	222 337 537	≤	≤
A2	12 466 223	26 786 653	П2	0	0	≥	≥
A3	2 179 866	41 458 361	П3	0	0	≥	≥
A4	43 875	35 775	П4	(25 212 127)	(44 820 234)	≥	≥
Жиын-тығы	16 716 449	177 517 301	Жиын-тығы:	16 716 449	177 517 301		
Ескерту: 2015-2017 жж бухгалтерлік баланс негізінде құрастырылған [11]							

Берілген есептеулерден келе, ұйымның есепті жыл басына абсолютті өтімсіз болып табылады. Оның негізі 4 қатынастың барлығы орындалып тұрған жоқ. Яғни бұған себеп, ұйым қолда бар активтерімен өзінің барлық міндеттемелерін жаба алмайды және қаражаттары жеткіліксіз.

Есепті жыл аяғында да ұйымның өтімділік деңгейі өзгерген жоқ. П1 жабуға А1 жеткіліксіз. Сонымен келе, ұйымның балансы абсолютті өтімсіз болып келеді.

Ұйымда төлем қабілеттілікті анықтау үшін және ақшалай қаражаттардың қанша дәрежеге жетпейтіндігін көрсету үшін төлем күнтізбесін міндетті түрде құрастыру қажет. Ұйымның төлемге деген қабілеттілігін келесі келтірілген жолдар арқылы анықтаймыз. Берілген ақпараттардың көмегімен «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің өтімділік көрсеткіштерін есептейміз.

$$K_{\text{абсолютті өтімділік}} = \frac{\text{Ақшалай қаражаттар}}{\text{Қысқа мерзімді міндеттемелер}} > 1 \quad (17)$$

$$K_{\text{абсолютті өтімділік (2015)}} = \frac{100\,477}{236\,584\,449} = 0,004$$

$$K_{\text{абсолютті өтімділік (2016)}} = \frac{2026485}{41928576} = 0,05$$

$$K_{\text{абсолютті өтімділік (2017)}} = \frac{109\,236\,512}{222\,337\,536} = 0,5$$

Есептеуден келе, ұйымның негізгі есептелген коэффициенттері бойынша ұйым ақшалай қаражаттарды еркін түрде жұмсауға құқығы жоқ. Дегенмен

абсолютті өтімділігі 2015 жылмен салыстырғанда 0,046, 2016 жылмен салыстырғанда 0,45 коэффициентке өскендігін байқауға болады.

Сонымен қатар ұйымның жалпы жедел өтімділік коэффициентін есептейміз:

$$K_{\text{жедел өтімділік}} = \frac{\text{Ақшалай қараж} + \text{Дебиторлық берешек}}{\text{Қысқа мерзімді міндеттемелер}} \quad (18)$$

$$K_{\text{жедел өтімділік(2015)}} = \frac{100477 + 236066337}{236\,584\,449} = 0,9$$

$$K_{\text{жедел өтімділік(2016)}} = \frac{2026485}{41928576} = 0,05$$

$$K_{\text{жедел өтімділік(2017)}} = \frac{109236512 + 9983726}{222337536} = 0,5$$

Жедел өтімділік коэффициенті алдыңғы 2015 жылға қарағанда, 0,4 коэффициентке азайған. Бірақ жедел өтімділік коэффициентін талдау барысында 2016 жылмен салыстырғанда динамикасы 0,45 коэффициентке жоғарлаған.

Осы көрсетілген мәліметтер көмегімен жалпы өтімділік коэффициентін негізгі көрсеткіш ретінде қарастырамыз.

$$K_{\text{жалпы өтімділік}} = \frac{\text{Ақшалай қараж} + \text{Қорлар} + \text{Деб. берешек}}{\text{Қысқа мерзімді міндеттемелер}} \quad (19)$$

$$K_{\text{жалпы өтімділік(2015)}} = \frac{100477 + 1871679 + 236066337}{236584449} = 1,01$$

$$K_{\text{жалпы өтімділік(2016)}} = \frac{2026485 + 1871679}{41928576} = 0,09$$

$$K_{\text{жалпы өтімділік(2017)}} = \frac{109236512 + 38739503 + 9983726}{222337536} = 0,7$$

Жалпы өтімділік коэффициенті 2015 жылмен салыстырғанда, 0,92 коэффициентке кеміген. Соған қоса, 2017 жылғы мәлімет бойынша, 2016 жылға қарап есептегенде 0,61 коэффициентке көбейген. Егер кәсіпорын өзінің айналымдағы активтерін толық қарыздарды өтеуге жіберсе, онда қысқа мерзімді борышты 100 %-ға өтей алмайды. Осылайша кәсіпорынның төлем


кабілеттілігін сипаттайтын барлық көрсеткіштер төмендейді. «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің 2016 жылдағы жағдайға қарағанда 2017 жылы жақсы болғаны туралы жалпы қорытынды жасай аламыз.

Алынған нәтижелер негізінде 2015-2017 жылдар аралығындағы негізгі көрсеткіштерді 4-кестеде орналастырамыз.

4-кесте – «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің 2015-2017 жж. өтімділік көрсеткіштері

Коэффициенттер	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл
Абсолютті өтімділік коэффициенті:	0,004	0,05	0,5
Жедел өтімділік коэффициенті:	0,9	0,05	0,5
Жалпы өтімділік коэффициенті:	1,01	0,09	0,7
Ескерту: 2015-2017 жж қаржылық есептілік негізінде құрастырылған [11]			

Берілген мәліметтерді диаграмма түрінде 2 - суретте қарастырайық.



2-сурет – «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің 2015-2017 жж. өтімділік көрсеткіштері

Ескерту: [11] дерек көзі негізінде құрастырылған

Әрбір кәсіпорын үшін пайда табу маңызды болып келеді. Олар алдыңғы жылға қарағанда әр жыл сайын ұйымның табыс көздерін барынша жоғарлатуды мақсат етеді. Сол себепті рентабельділік көрсеткіштері кәсіпорын үшін маңызды орын алады.

Рентабельділік - бұл бизнестің кірістілігінің деңгейін анықтайтын салыстырмалы көрсеткіш. Олар іс жүзінде инфляцияға әсер етпейді. Кәсіпорын өнімді (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен шығындар өндіріс шығындарын (айналымын) жабады және кәсіпорынның қалыпты жұмыс істеуі үшін жеткілікті мөлшерде пайда табатын болса, кәсіпорын пайдалы деп есептеледі [15, 22 б.].

«Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің 2015-2017 жылдарға арналған рентабельділігін деңгейін талдайық.

1) Ең алдымен ұйым активінің рентабельділігін 3 жылға есептейміз. Сол арқылы активтер шамасының таза пайдаға әсерін анықтаймыз.

$$P_a = \text{Таза пайда} / \text{Активтердің орташа шамасы} \times 100 \quad (20)$$

2015жыл:

$$P_a = 1\,467\,591 / 238\,152\,040 \times 100 = 0,6$$

2016 жыл:

$$P_a = 26\,779\,717 / 16\,716\,449 \times 100 = 1,6$$

2017 жыл:

$$P_a = 19\,608\,108 / 177\,517\,302 \times 100 = 0,1$$

2) Меншікті капиталдың рентабельділігін анықтау барысында таза пайдаға меншікті капиталдың орташа шамасының қатынасын анықтауға болады.

$$P_{м.к.} = \text{Таза пайда} / \text{МК орташа шамасы} \times 100 \quad (21)$$

2015 жыл:

$$P_{м.к.} = 1\,467\,591 / 1\,567\,591 \times 100 = 0,9$$

2016 жыл:

$$P_{м.к.} = 26\,779\,717 / 25\,212\,127 \times 100 = 1,1$$

2017 жыл:

$$P_{м.к.} = 19\,608\,108 / 44\,820\,2341 \times 100 = 0,4$$

3) Сату рентабельділігін анықтау кезінде түсімнің жалпы пайдаға деген арақатынасын талдаймыз. Бұл әр жылдағы сатылым динамикасының деңгейін көрсетеді.

$$P_c = \text{Жалпы пайда} / \text{Түсім} \times 100 \quad (22)$$

2015 жыл:

$$P_c = 21\,825\,411 / 179\,852\,881 \times 100 = 0,1$$

2016 жылы:

$$P_c = 21\,825\,411 / 23\,571\,429 \times 100 = 0,9$$

2017 жылы:

$$P_c = 34\,483\,595 / 367\,761\,538 \times 100 = 0,09$$

4. Өткізілген өнімнің рентабельділігін түсімнің таза пайдаға әсерін есептейміз.

$$P_{\theta} = \text{Таза пайда} / \text{Түсім} \times 100 \quad (23)$$

2015 жыл:

$$P_{\theta} = 1\,467\,591 / 179\,852\,881 \times 100 = 0,8$$

2016 жыл:

$$P_{\theta} = 26\,779\,717 / 23\,571\,429 \times 100 = 1,12$$

2017 жыл:

$$P_{\theta} = 19\,608\,108 / 367\,761\,538 \times 100 = 0,05$$


Есептеулерден келе ұйымдағы активтер рентабельділігінің 1,5 %- ға азаюына, активтердің орташа шамасы, ал меншікті капиталдың рентабельділігінің 0,7%-ға азаюына таза пайда, сату рентабельділігінің 0,81 %-ға азаюына, сонымен қатар өткізілген өнімнің рентабельділігінің 1,02 %-ға кемуіне түсім әсер етті.

5-кесте – «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің 2015-2017 жж. рентабельділік көрсеткіштер динамикасы

Көрсеткіштер	Активтердің рентабельділігі	Меншікті капиталдың рентабельділігі	Сату рентабельділігі	Өткізілген өнімнің рентабельділігі
2015 жыл	0,6	0,9	0,1	0,8
2016 жыл	1,6	1,1	0,9	1,12
2017 жыл	0,1	0,4	0,09	0,05
Ескерту: 2015- 2017 жж ұйымның бухгалтерлік балансы негізінде құрастырылған [11]				

3-суреттен қарап отырсақ, сату бойынша рентабельділік көрсеткіштерінің төмен болуына, бәсекеге қабілетті өнім түрінің азаюы тікелей әсер етті. Капиталдағы кірістілік деңгейі ұйымның инвестициялық тартымдылығын көрсетеді. Біздің жағдайда теріс мәліметтер инвестициялық тартымдылықтың төмен деңгейін көрсетеді.

Жалпы, ұйым өз қаржылық жағдайын қалыпқа келтірмеді және шығындарға ұшырады.



3-сурет – «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС – нің 2015-2017 жж. негізгі мәліметтер бойынша рентабельділік көрсеткіштердің жиынтығы
Ескерту: [11] дерек көзі негізінде құрастырылған

Кәсіпорынның активтері бойынша кірістің өзгеруіне активтердің кірістілігінің және материалдық ағымдағы активтердің айналым деңгейінің өзгеруіне әсер етеді. Кәсіпорында капитал жылдамырақ болса, жоспарланған сату көлемін қамтамасыз етеді. Капиталдың рентабельділік деңгейіне сатылған өнімнің табыстылығы, ресурстық кірістілігі ықпал етеді.

2.2 «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің өндірістік қызметін талдау

Кешенді қаржылық талдауда ұйымның өндірістік қызметін талдау маңызды болып келеді. Бұл жерде ұйымның жалпы атқаратын қызметін, өнім түрлерін, еңбек өнімділігін және негізгі құралдарды қарастырамыз. Өнімді өткізу бойынша жоспардың орындалуына, келесідей факторлар әсер етеді:

- еңбек ресурстары;
- негізгі құралдардың пайдалануы;
- материалдық ресурстар.

Осы факторлардың әсерін анықтауда ең алдымен, еңбек өнімділігін анықтап алғанымыз дұрыс. Оны қаржылық-шаруашылық қызметті салыстыру бойынша 6-кестеде көрсетеміз.

6-кесте – «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС – нің 2016-2017 жж. қаржылық-шаруашылық қызмет көрсеткіштерін салыстыру

Көрсеткіштер	Өткен жылы	Есепті жылы	Ауытқу
1	2	3	4
1.Түсім	23 571 429	367 761 538	344 190 109
2.Өнімнің өзіндік құны	23 571 429	333 277 942	309 706 513
2.Өнімнің өзіндік құны	23 571 429	333 277 942	309 706 513
3.Жұмысшылар саны	20	18	-2
4.Бір жұмысшының еңбек өнімділігі	1 178 571,5	20 431 196,6	19 252 625,1
5.Салық салынуға дейінгі табыс	26 779 717	19 608 108	-7 171 609
6.КТС	53 559, 4	39 216, 2	-14 343,2
7.Салық салынудан кейінгі табыс	26 726 157,6	19 568 891,8	-7 157 265,8
8.Өнімнің рентабельділігі,%	113,4	5,3	-108,1
Ескерту: 2015-2017 жж қаржылық есептілігі бойынша құрастырылған [11]			

Қаржылық-шаруашылық қызметтің көрсеткіштерін салыстыру кезінде, ұйымның түсімі 344 190 109 мың теңге өскендігін көреміз. Бұның себебі, алдыңғы жылмен салыстырғанда өткізілген өнім тікелей әсер еткен. Сонымен қатар табыстың өсуі, өткізілген өнімдердің шығындарына алып келді. Өндіріске жұмсалған шикізат пен материалдар 2017 жылы келесідей мақсаттарға жұмсалған:

- Ұңғыларды жер асты жөндеуде жұмсалған материалдық шығын;
- Электр торабына техникалық қызмет көрсету;
- Арнайы техника мен автокөліктерге арналған қосалқы бөлшектер;
- Өрттен қорғандыру құрылғылары;
- Мұнайды жинақтау жабдықтарын ағымдағы жөндеуде жұмсалған материалдық шығын;
- Бу айдау, техникалық тұздар;
- Басқа да материалдар.

Ұйым өткен жылмен салыстырғанда, 309 706 513 мың теңге шығындалып тұр. Еңбек өнімділігінің өсуі шығындардың өсуіне алып келді. Ұйымның қызметіндегі жағымсыз жағдайы, өнім рентабельділігінің төмендеуі әсер етті.

Жұмысшылардың еңбек өнімділігі мен еңбекақы қорын есептеуде тізбектелген қойылымдар әдісін пайдаланып көрсетуге болады. Бұл әдіс есепті кезең көрсеткіштерінің нақты мәнін тиімді көрсеткіштерге ауыстыру арқылы факторлардың әсерін анықтаймыз.

Кесте 7 – «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС – нің 2016-2017 жж. еңбекақы қорын талдау

Көрсеткіштер	Өткен жыл	Есепті жыл	Ауытқу
1	2	3	4
Түсім	23 571 429	367 761 538	+344 190 109
Жұмысшылар саны	20	18	-2
Еңбекақы қоры	2 400 000	2 700 000	+300 000
Бір жұмысшының еңбек өнімділігі	1 178 571, 5	20 431 196, 6	19 252 625,1
Бір жұмысшының орташа жылдық еңбекақысы	120 000	150 000	+30 000
Ескерту: 2015-2017 жж қаржылық есептілік негізінде құрастырылған [11]			

$ЕАҚ = 23\,571\,429 / 1\,178\,571,5 * 120\,000 = 2\,400\,000$ (өткен жыл)

$ЕАҚ = 367\,761\,538 / 1\,178\,571,5 * 120\,000 = 37\,444\,809$

Енді осы есептеулерді тізбектеп ауыстырамыз:

$ЕАҚ = 367\,761\,538 / 20\,431\,196,6 * 120\,000 = 2\,160\,000$

$ЕАҚ = 367\,761\,538 / 20\,431\,196,6 * 150\,000 = 2\,700\,000$ (есепті жыл)

Есептеулерден келе, түсім есебінен факторлардың әсерін анықтаймыз.

$37\,444\,809 - 2\,400\,000 = 35\,044\,809$

«Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің түсімі өткен жылмен салыстырғанда, 344 190 109 мың тг артқан. Бұл үрдіске тікелей әсер ететін, ұйым жұмысшыларының барынша табысты жұмыс істеді. Соған байланысты басшылар еңбекақы көлемін арттырды. Сондықтан еңбек ақы қорының 35 044 809 мың тг шығындалуы түсімнің өсуімен байланысты.

Факторлардың әсерін анықтау кезінде, бір жұмысшының еңбек өнімділігін есептейміз.

$2\,160\,000 - 37\,444\,809 = -35\,284\,809$

Бұл есептеу кезінде, ұйым еңбек ақы қоры бойынша 35 284 809 мың тг үнемдегенін көреміз. Яғни еңбек өнімділігін талдау кезінде, маңызды факторлардың бірі болып саналады.

Келесі көрсеткіш арқылы бір жұмысшының орташа еңбекақысын анықтауға болады:

$2\,700\,000 - 2\,160\,000 = 540\,000$

Есептеу кезінде, еңбекақы қорының шығындалуы еңбекақының өсуіне алып келетін себептердің бірі болып табылады.

Өндірістің маңызды факторы негізгі құралдар. Негізгі құралдарды дұрыс пайдалану ұйымның қызметінің түпкілікті нәтижелеріне тікелей әсер етеді. Нарықтық экономиканың шарттары еңбек ұжымдарын үнемі негізгі құралдарды қоса алғанда, резервтерді іздеуге өндірістің барлық материалдық және материалдық факторларын пайдалану тиімділігін қажет етпек. Талдаудың көмегімен қорлардың жағдайын анықтап, тәжірибе жүзінде қолдануға болады.

Аналитикалық жұмыстың маңызды аспектілерінің бірі негізгі құралдардың жай-күйі мен пайдаланылуы болып табылады. Осыған байланысты ұйымның негізгі құралдарын техникалық жағдайын талдап көрсететін болсақ.

8-кесте – «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС – нің 2015-2017 жж. негізгі құралдарының техникалық жағдайы

Көрсеткіштер	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл
Негізгі құралдардың бастапқы құны, мың теңге	3 661 914,7	3 800 094,1	4 300 706,2
Тозу сомасы, мың теңге	439 429,8	570 014,1	860 141, 2
Қалдық құны, мың теңге	3 222 485	3 230 080	3 440 565
Мүлік құны, мың теңге	238 152 040	16 716 449	177 517 302
Тозу коэффициенті	0,12	0,15	0,2
Жарамдылық коэффициенті	0,88	0,85	0,80
Мүліктің нақты құн коэффициенті	0,014	0,19	0,02
Ескерту: 2015-2017 жж баланс мәліметтері бойынша құрастырылған [11]			

«Өзен Сантехобслуживание» ЖШС – нің негізгі құралдарының техникалық жағдайына талдау жүргізу кезінде, 2015 жылы 12 %- ға тозып, қалған 88 % - ы пайдалану негізіне жарамды болды. Ал 2016 жылғы мәліметтерге сүйенсек, негізгі құралдардың 85 % ұйым атқаратын қызметіне пайдасын тигізді. 2017 жылы тек 80 % негізгі құрал пайдалануға жарамды болып, тозуға 20 % ұшырады. Дегенмен, есептеулерге қарап отырсақ, алдыңғы жылмен салыстырғанда негізгі құралдардың 5 % көбеюде. Демек ұйым негізгі құралдарын неғұрлым тиімді басқарса, онда кәсіпорынның техникалық жағдайы жақсарады.

Негізгі құралдардың пайдалану тиімділігін қарастыратын қор қайтарымдылығы, қор сыйымдылығы және қор сыйымдылығы сияқты көрсеткіштер арқылы есептеулер жүргізуге болады. Осы көрсеткіштердің көмегі арқылы ұйымның табыстылық деңгейін, еңбек өнімділігін анықтаймыз. Негізінен негізгі құралдарды талдау мүмкіндігі, ұйымның қазіргі уақытта өзінің жұмысын тиімді істеп жатқандығын және ешқандай қаржылық салымдарсыз

жұмыс істеуін көрсетеді. Бұл жердегі маңызды орынды, кәсіпорынның орташа жылдық құны болып есептелінеді. Бұл әдістің қарапайымдылығы үшін төменде келтірілген негізгі құралдарды есептеуге арналған формулаларды қолданамыз.

Негізгі құралдардың пайдалануын сипаттайтын негізгі көрсеткіш қор қайтарымдылығын есептейік.

$$\text{Қор қайтарымдылығы} = \text{Түсім} / \text{Негізгі құралдардың орташа деңгейі} \quad (24)$$

2015 жыл:

$$\text{Қор қайтарымдылығы} = 179\,852\,881 / 3\,222\,485 = 55,8$$

2016 жыл:

$$\text{Қор қайтарымдылығы} = 23\,571\,429 / 3\,230\,080 = 7,3$$

2017 жыл:

$$\text{Қор қайтарымдылығы} = 367\,761\,538 / 3\,440\,565 = 106,9$$

Негізінен қор қайтарымдылығы бір бірлікке қанша пайда әкелетіндігін көрсетеді. Өнеркәсіптік ережелерге байланысты оның арнайы оңтайлы мәні жоқ. Дегенмен коэффициенттердің тым көп болуы жабдықты пайдалану қарқындылығының көптігін көрсетеді. Есептеулерден келе, 2016 жылмен салыстырғанда, 2017 жылғы қор қайтарымдылығы 99,6 коэффициентке ұлғайған. 2015 жылмен салыстырғанда 51,1 коэффициентке өскен. Бұл дегеніміз алдыңғы екі жылдың есептеулері бойынша, 2017 жылы негізгі құрал жабдықтарды пайдалану өскен. Осы әрекеттерді болдырмау үшін ескі құрал – жабдықтарды жаңартып, жұмыс істеу тиімділігін арттыру қажет.

Қор сыйымдылығы қор қайтарымдылығына кері пропорционалды көрсеткіш және ол осы формуламен анықталынады.

$$\text{Қор сыйымдылығы} = \text{Негізгі құралдардың орташа деңгейі} / \text{Түсім} \quad (25)$$

2015 жыл:

$$\text{Қор сыйымдылығы} = 3\,222\,485 / 179\,852\,881 = 0,02$$

2016 жыл:

$$\text{Қор сыйымдылығы} = 3\,230\,080 / 23\,571\,429 = 0,14$$

2017 жыл:

$$\text{Қор сыйымдылығы} = 3\,440\,565 / 367\,761\,538 = 0,09$$

Өндірісте техникалық жабдықтар көп болған сайын, өнім өндіру көлемі артады. Бұл жағдайда қор сыйымдылығы төмендейді, яғни өнімнің өзіндік құны азаяды және кіріс мөлшері жоғарылайды. Қорыта айтқанда, экономикалық тиімділік өндіріс үдерісінде өседі. Біздің жағдайымызда, ең үлкен көрсеткішті 2016 жыл алып отыр. Есепті жылда бұл 0,05 коэффициентке кемігендігін көрсетеді. Бұл дегеніміз қор қайтарымдылығының өсуі және қор

сыйымдылығының азаюы қызметтердің барлық үдерісіне негізгі құралдардың қатысатындығын білдіреді.

Келесіде ұйымның қор қарулығын есептейік.

Қор қарулығы = Негізгі құралдардың орташа деңгейі / Жұмысшылар саны (26)

2015 жыл:

Қор қарулығы = $3\,222\,485 / 25 = 128\,899,4$

2016 жыл:

Қор қарулығы = $3\,230\,080 / 18 = 179\,448,9$

2017 жыл:

Қор қарулығы = $3\,440\,565 / 20 = 172\,028,3$

Қор қарулығы ұйым жұмысында маңызды көрсеткіштердің бірі. Ол қызметкерлердің ақшалай өлшеміне қаншалықты негізгі құралдардың келетіндігін көрсетеді.

Өзіндік құн өнімнің бағасын анықтауда маңызды орын алады. Өндірістің өзіндік құнының үнемі төмендеуі өндірістің тиімділігін арттырудың негізгі шарттарының бірі болып табылады. Ол пайда көлеміне, кірістілік деңгейіне тікелей әсер етеді. Ол кәсіпорынның өнімді өндіруде, жұмыстарды орындауда және қызметтерді көрсететін шығындарын ғана қамтиды. Өндірістік шығындардың өзгеруі өндірістің бірлігінің бағасының төмендеуін көрсетеді, бұл пайданың ұлғаюына немесе азаюына әсер етеді. Келесі кезекте ұйымның өзіндік құнына талдау жүргіземіз.

9-кесте –«Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің 2015- 2017 жж.өнімді өндіруге байланысты шығындарын талдау

Шығындар түрі	Сомасы, мың теңге			Шығындар құрылымы,%		
	2015 ж	2016 ж	2017 ж	2015 ж	2016 ж	2017 ж
Еңбек ақы	44 563 747	6 246 423	90 318 322	28,2	26,5	27,1
Әлеуметтік аударымдар	1 975 343	266 357	3 466 091	1,25	1,13	1,04
Материалдық шығындар	56 099 752	9 334 286	103 982 718	35,5	39,6	31,2
Тозу	6 479 126	1 091 357	13 431 101	4,1	4,63	4,03
Өзге де шығындар	48 909 502	6 633 000	122 079 710	30,95	28,14	36,63
Өзіндік құн	158 027 471	23 571 429	333 277 942	100	100	100
Ескерту: 2015-2017 жж баланс мәліметтері бойынша құрастырылған [11]						

Өз қызметін мұнайгаз саласында кішігірім саудамен айналысатын фирма ретінде бастап, бүгінгі күнде сенімді іскер әріптес ретінде танылып, ірі компаниялардың біріне айналды.

3 Ұйымның рентабельдігін жоғарылату жолдары

3.1 «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС банкрот болу ықтималдығын бағалау және ұйымның қызметін жақсарту бойынша ұсыныстар

Банкроттық нарық шаруашылығының бір категориясы болып табылады. Ол соттың шешімі мен немесе кредитордың келісімі бойынша соттан тыс ресми түрде жарияланады. Қазақстан Республикасының "Оңалту және банкроттық" 07.03.14 жылғы №176 – V Заңына сәйкес, қарызды төлеуге шамасы жоқ ұғымы ақшалай міндеттер бойынша кредиторлар сұранысын, еңбекақы телеу талабын қанағаттандыра алмау, сонымен қатар өзіне тиісті мүлік есебінен бюджет пен бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдерді қамтамасыз ете алмау жатады [12].

«Банкрот» сөзі – бұл дәрменсіз борышкер немесе күйреуге ұшыраған, белгілі бір нәрсеге дәрменсіз боп шыққан дегенді білдіреді. Банкроттық дамыған және қалыпты жұмыс істейтін нарықтық экономиканың негізгі механизмдерінің бірі [13, б.137]. Кәсіпорындарды таратудағы есепке алу мен есеп берудің дамымаған мәселелері мамандардың жұмысына кедергі келтіретін күрделі мәселе бойында қалып отыр.

Банкроттық жағдайында кәсіпорында сатуды есепке алу саласындағы зерттеулер қорытындыларына мұқтаждығы бірқатар теориялық және практикалық қағидалардың жариялануының кем дәрежесімен айқындалады. Нарықта көптеген дамыған кәсіпорындарда банкрот болу ықтималдығы жылдан сайын артып келеді.

Оның негізгі себебі, қаржы ресурстарын тиімді бақыламай, ұйымның қызметіндегі қателіктердің болуынан пайда болады. Осыған байланысты «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің банкрот болу ықтималдығын Лиса, Р.Таффлер және Спрингейттің әдістерін пайдаланып, ұйымның жағдайын анықтаймыз.

$$Z=0,063 \times K_1 + 0,092 \times K_2 + 0,057 \times K_3 + 0,001 \times K_4 \quad (27)$$

2015 жыл:

$$Z=0,063 \times 0,05 + 0,092 \times 0,11 + 0,57 \times 0,09 + 0,001 \times 0,01 = 0,06$$

2016 жыл:

$$Z=0,063 \times 0,99 + 0,092 \times (1,6) + 0,57 \times (1,5) + 0,001 \times (0,6) = (0,94)$$

2017 жыл:

$$Z=0,063 \times 0,9 + 0,092 \times (0,11) + 0,57 \times (0,25) + 0,001 \times (0,2) = (0,09)$$

Жүргізілген зерттеулер бойынша, 2015 жылы ұйымның қаржылық жағдайы тұрақты болып келеді. Керісінше, 2016 және 2017 жылдары бұл көрсеткіштер банкрот болу ықтималдығына алып келді.

Р.Таффлердің банкрот болуы моделі

$$Z=0,53 \times Y_1 + 0,13 \times Y_2 + 0,18 \times Y_3 + 0,16 \times Y_4 \quad (28)$$

2015 жыл:

$$Z=0,53 \times 0,68 + 0,13 \times 1,1 + 0,18 \times 0,99 + 0,16 \times 0,76 = 0,8$$

2016 жыл:

$$Z=0,53 \times 0,6 + 0,13 \times 0,4 + 0,18 \times 2,5 + 0,16 \times 1,4 = 1,04$$

2017 жыл:

$$Z=0,53 \times 1,7 + 0,13 \times 0,8 + 0,18 \times 1,3 + 0,16 \times 2,1 = 1,6$$

Таффлердің банкроттық моделі бойынша, Х1 кәсіпорынның қаржылық жағдайына жоғарғы дәрежеде әсер етеді. Егер сатудан көп түсім түссе, ұйымның қаржылық тұрақтылығы жоғары екендігін көре аламыз. Бұл модельде ұйымның банкроттық болу белгісіздік дәрежесін көрсетеді. Яғни, ұйымның банкрот болуы немесе болмауы белгісіз жағдайда.

Спрингейттің банкрот болуы моделі

$$Z=1,03 \times X_1 + 3,07 \times X_2 + 0,66 \times X_3 + 0,4 \times X_4 \quad (29)$$

2015 жыл:

$$Z=1,03 \times 0,006 + 3,07 \times 0,008 + 0,66 \times 0,008 + 0,4 \times 0,76 = 0,34$$

2016 жыл:

$$Z=1,03 \times (0,5) + 3,07 \times (1,6) + 0,66 \times (0,64) + 0,4 \times 1,4 = (5,56)$$

2017 жыл:

$$Z=1,03 \times (0,3) + 3,07 \times (0,11) + 0,66 \times (0,09) + 0,4 \times 2,07 = (1,53)$$

10-кесте —«Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің 2015-2017 жылдардағы банкроттық модельдер бойынша көрсеткіштері

Жылдар	Лиса	Р. Таффлер	Спрингейт
2015 жыл	0,06	0,8	0,34
2016 жыл	(0,94)	1,04	(5,56)
2017 жыл	(0,09)	1,6	(1,53)
Ескерту: 2015-2017 жж.баланс мәліметтері бойынша құрастырылған [11]			


Спрингейттің банкроттық моделіне сүйенсек, 3 жыл бойынша «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің банкрот болуы ықтималдығы төмен болып тұр. Демек, ұйым өзінің қызметі тұрақты болып келеді және қаржылық жағдайын тиімді басқауда.

Осы талдап отырған модельдердің ішінде біздің талдау объектісіне ең қолайлылығы Спрингейттің банкроттық моделі.

2015-2017 жылдар аралығындағы кешенді қаржылық талдау жүргізу кезінде «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің келесідей мәселелерін көрсетуге болады. Кірістің төмендеуі таза табыстың төмендеуіне алып келді.

Ұйымда кредиторлық берешектің ұлғаюы байқалған болатын. 2015 жылғы кредиторлық берешектің көп болғанымен, 2016 жылғы көрсеткіштерге жүгінсек, төмендеу үдерісі жүрді. Дегенмен 2017 жылы кредиторлық берешектің мөлшері артты. Бұл ұйым экономикалық және қаржылық жағдайы үшін тиімсіз болып келеді.

Қаржылық басқарушылыққа әсер ететін 3 жылдағы табыстылық көрсеткіштерінің азаюы төмендегі сурет арқылы көрсетуге болады. Негізгі мәселелер 4-суретте көрсетілген.



4-сурет – «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің қаржылық-шаруашылық қызметіндегі негізгі мәселелер

Ескерту: авторлармен құрастырылған

«Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің қаржылық қызметіндегі негізгі мәселелерді 5-суретте көрсетуге болады.



5-сурет – «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің қаржылық қызметіндегі негізгі мәселелер

Ескерту: авторлармен құрастырылған

Ең алдымен ұйымның әлсіз және мықты жақтарына, сонымен қатар мүмкіндіктері мен қауіп- қатерлерін көрсету қажет.

«Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің негізгі күшті жақтары:

- жеткізушілермен ұзақ мерзімді қарым-қатынас;
- тұтынушылар арасындағы беделдің жақсы болуы;

- жақсы орналасуы.

Әлсіз жақтары:

- қаржылық көрсеткіштердің төмендеуі;

- маркетинг саясатының нашар болуы;

- тартылған қарыз қаражаттарының өсуі.

«Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің қызметіне төнетін қауіп-қатер:

- жаңа бәсекелестердің пайда болуы;

- сатып алушылар мен тұтынушылар бағасына қысымның артуы;

- қаржы дағдарысы;

- ақшаның құнсыздануы, яғни тұтынушылар сұранысының төмендеуі.

Осы мәселелерді шешу жолдары:

- жаңа бағыттағы қызметті дамыту;

- қызмет көрсету сапасын арттыру;

- қызметкерлердің біліктілігін жоғарлату;

- маркетингтік зерттеулер мен жарнаманы жетілдіру;

- автоматтандырылған жүйені енгізу.

Қазіргі дамыған экономикалық заманда негізгі фактор болып, шығындарды төмендету, бизнестің тиімділігін арттыру және кәсіпорын капиталының бағасының өсуі. Бұндай мақсаттарға жету үшін заманға сай жаңа технологияларды басқару жүйесіне енгізу қажет.


Бұл уақытқа дейін тек ақпараттық қамтамасыз ету есеп- қисаптық жүйеде ғана көрініс тапты. Дегенмен ВЕБ- технологиялардың масштабының ұлғаюы кешенді автоматтандыру жүйесіне көшуді талап етіп отыр.

Заманға сай бизнес үдерістерді басқару аса өзекті және ұйымның макро және микро деңгейде дамуы ауқымды болып табылады. Business Performance Management – бұл белгілі бір стратегияларды іске асыруға бағытталған және аналитикалық үдерістер мен қаржылық және операциондық ақпараттарға тікелей қатысы бар.

Бизнес үдерісті басқару әдістемесі шаруашылық субъектіні анықтауға, қызметтің тиімділігін басқаруға және өлшеуге, сонымен қатар стратегиялық мақсаттарға жетуге негізделген. BPM-нің қаржылық және операциондық үдерісіне, жоспарлау, біріктіру, есептілік және талдаудың тиімді көрсеткіштері мен ұйымда таратылу тиімділігі анықталады.

BPM - басқарушылық шешімдерді қабылдауға, барлық деңгейде қызметті тиімді басқаруға және шаруашылық қызметтің жағдайын бағалауға, меншік иелерін, қызметкерлердің және сыртқы контрагенттерді интеграцияланған басқару ортасына бағыттауға негізделген. Бұл жүйенің негізінен екі мағынасы бар: басқару тұжырымдамасы және ақпараттық жүйе. Негізінде екі бір – бірімен тікелей байланысты болып келеді. Себебі кәсіпорында ақпараттық жүйе мен басқару есебі дамымаса, онда кәсіпорын ары қарай өз жұмысын жалғастыруға икемсіз

Бизнес тиімділігін басқаруда көптеген жарияланымдар жоспарлау, стратегияны шығару, мониторинг, талдау және жинақтау негізінде жүргізіледі. Осыған орай бизнестің тиімділігін басқарудың жолдары көрсетілген.



6-сурет– Бизнес тиімділігін басқарудың жолдары
Ескерту: авторлармен құрастырылған

«Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің басқарушылық жүйесінің дамуын осы тұжырымдама арқылы қарастырайық. Бұл кәсіпорында бір-бірімен байланысты көптеген құрылымдық бөлімшелердің арасында құжат айналым мен техникалық байланыс жоқ. Бұл жерде маңызды көрсеткіштер болып, сатылым деңгейі және оның көрсеткіштері, өтімділігі, рентабельділігі болып табылады. Жоспарланған көрсеткіштер дайындалған бизнес-стратегияны қолдауға мүмкіндік береді.

Қазақстандағы өтпелі кезең тек қана жағымсыз салдарлармен ғана емес, сондай ақ кейбір жағымды сәттермен де сипатталды [14, б.177].

Жағымды жағдайларға мыналарды жатқызуға болады:

- көптеген кәсіпорындар нарыққа бейімделе бастады және сатып алушының көңілі толатын тауарларды шығара бастады.
- көптеген кәсіпорындар қнімдерді сату және өндіріс шығындарын төмендету, инфляция жағдайында оның сапасын жақсарту- қаржылық жағдайды жақсарту үшін бірден бір жалғыз дұрыс шешім екендігін түсіне бастады;
- нарық тауарлармен толтырыла бастады, экономиканың кейбір сфераларында бәсеке пайда бола бастады;
- нарық жағдайында кәсіпорынды тиімді басқаруға қабілетті әртүрлі бағыттағы мамандардың санының көбеюі.

Нарық жағдайындағы кез келген кәсіпорынның басты мақсаты болып оның жұмысындағы тұрақты қаржылық жағдайдың болуын қамтамасыз ету табылады [15, б.48-49].

Бұл мақсатқа жетудегі ең қиыны, ол тек пайданы алу ғана емес сонымен бірге оның тұрақтылығы. Кәсіпорын бұл мақсатқа жетуі мүмкін, егер де ол өз жұмысында белгілі бір қағидаларды ұстанатын болса және қажетті қызметтерді орындаса.

Кәсіпкерлік қызметтің жоғарғы мақсаты болып аз шығын жұмсап, көп пайда табу немесе жоғарғы рентабельділік. Идеалдысы болып максимальды пайданы алудың жоғары рентабельділікті қамтамасыз етуі табылады.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін кәсіпорын келесі функцияларды жүзеге асыру қажет:

- жоғары сапалы өнім шығару, жүйелі түрде оны жаңарту және бар өндірістік мүмкіндіктерді пайдалана отырып сұранысқа сәйкесті қызметтер көрсету;

- өндірістік ресурстарды рациональды пайдалану;

- кәсіпорын жұмысының тактикасы мен стратегиясын жасау және оны өзгерген жағдайларға қатысты түзетіп отыру;

- барлық жаңалықтарды жүйелі түрде өндіріске, еңбекті ұйымдастыруға және басқаруға енгізу;

- өзінің жұмысшыларының жағдайын жасау, олардың біліктілігін арттыру және өмір сүру деңгейлерін жақсарту, еңбек ұжымында жағымды әлеуметтік – психологиялық климаттың қалыптастыру;

- кәсіпорын мен өнімдердің бәсекеге қабілеттігін қамтамасыз ету және кәсіпорынның жоғары имиджін ұстау;

- икемді баға саясатын жүргізу және басқа да функцияларды жүзеге асыру.

Алайда кәсіпорынның барлық функциялары жасалынған стратегияның жүзеге асуына және қойылған мақсатқа жетуге бағытталуы керек.

Тұжырымдаманы енгізу кезіндегі ұйымның артықшылықтары болып төмендегілерді көрсетеміз.

Біріншіден, ұйымның қызметі жайлы барлық ақпарат және алдыға қойылған стратегиялық мақсаттар біріктірілген жүйеде бизнес үдеріске қатысушылардың барлығы сол ақпаратпен қамтамасыз етіледі. Кез келген өзгерістер барлық қатысушыларға қолжетімді болып, дер кезінде жүйеде көрсетіледі. Бұл жағдайда кәсіпорын басшысы әрқашан анық, оперативті, дұрыс және біркелкі нақты ақпараттарды біліп отырады.

Екіншіден, бизнес үдерісіндегі өзара әрекеттесу мен бөлімшелер арасындағы ажыратылымдар жойылады.

Үшіншіден, ВРМ жүйесін ақпараттық қолдану стратегиялық мақсаттарды өңдеуге, келісілген құжаттарды және ақпараттарды алу барысында уақытты үнемдейді. Бұл әрине, ұйым жұмысының тиімділігін арттыруға септігін тигізеді.

Төртіншіден, негізгі құрылғылар (панельді индикаторлар) қабылданған көрсеткіштерді және талдауларды бақылауға, алдыға қойылған мақсаттар мен жоспардың тиімділігін бағалауға, уақытында басқарушылық шешімдерді

қабылдауға мүмкіндік береді.

Бесіншіден, бизнес тиімділігін басқару жүйесі кәсіпорынның жүйесін оңтайландыруға алып келеді және жауапкершілік орталықтарын арттырады. Әрбір кәсіпорынның құрылымы өзінің жоспарлаған және қарастырылған көрсеткіштеріне жауапты болады. Сонымен қатар басқарушылық шешімдерді дұрыс қабылдауда жауаптылық артады.

Көрсетілген жетілдіру жолдары, қызметтің тиімділігіне байланысты талдауды жеңілдетіп, оңтайлы шешімдерді қабылдауға мүмкіндік береді. Заманауи стандартқа сәйкес ұйымның басқарушылық тиімділігін арттыруға көмектеседі. Бұл тұжырымдама дер кезінде белгілі бір уақыт аралығындағы мәселерді тиімді және тез шешуге септігін тигізеді.

3.2 Рентабельдік деңгейі мен табысты арттырудың жолдары

Нарықтық экономикадағы кәсіпорындардың басты тапсырмасы болып бүкіләлемдік халық шаруашылығының тұтынысын және оның өнімдеріне, қызметтері мен жұмыстарына азаматтардың тұтынысын минималды шығындар жұмсай отырып жоғары тұтынушылық қасиеті мен сапасымен қанағаттандыру, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуге салымдарды көбейту. Өзінің басты тапсырмасын жүзеге асыру үшін кәсіпорын пайданы көбейтуді қамтамасыз етеді.

Пайда жаңадан кәсіпорындар құру немесе әрекет етуші кәсіпорындардың дамуын бірінші кезектегі ынталандырушы болып табылады. Пайданы алу мүмкіндігі ресурстардың үйлесуіне, сұраныс тууы мүмкін жаңа өнімдерді сатып алуға, өндіріс тиімділігін арттыруға уәде ететін ұйымдастырушылық және техникалық жаңа енгізулерді жасауға барынша тиімді тәсілдерді іздеуге адамдарды мәжбүрлейді [16, б.239].

Пайдалы жұмыс істей отырып, әрбір кәсіпорын өзінің салымдарын қоғамның экономикалық дамуына салады, қоғамдық байлықтың құрылуына және көбеюіне және халықтың игі жағдайының өсуіне қабілетті болады.

Пайда — көп мәнді экономикалық категория. Оны тану тереңінен және рациональды пайдаланылуынан коммерциялық есеп айырысудың тиімділігі, баға белгілеу және шаруашылықтандырудың басқа да экономикалық тетіктері тәуелді болады. Өндірістік және әлеуметтік дамудың көзі бола отырып пайда кәсіпорындар мен бірлестіктердің өзін өзі қаржыландыруын қамтамасыз етуде, мүмкіндіктері көбінесе табыстар шығындардан қаншалықты асып кетуімен анықталатын жетекші орынды алады,

Пайда мен рентабельдік тақырыбы әсіресе қазақстандық кәсіпорындар үшін өткір мәселелердің бірі. Еркін экономикалық қалқулар жағдайында кәсіпорындар тек қана мемлекеттік қолдауға сүйеніп қоймай, сонымен қатар, өзін өзі қаржыландыру жағдайында әрекет етуі керек.

Экономикадағы нақты жағдай бүгінде мынадай, яғни, кәсіпорындар үшін

қаржыландырудың шынайы, мүмкін көздері болып таза пайданы акционерлеу мен пайдалану табылады (мысалы, амортизациялық аударымдар бүгінде инвестициялық мақсаттарға бармайды, ал банк несиелері жоғары пайыздық мөлшерлеме салдарынан қол жетімсіз).

Таза пайда (кіріс) – бұл салық салынғаннан кейінгі пайда, ол ұйымның (кәсіпорынның) одан әрі өсу көзі және кәсіпорынның меншік иесі (кәсіпкер) кіріс алатын көз [17, б.118].

Мемлекет ұйымның таза кірісті бөлуін және пайдалануын жанама әдістермен реттейді [18, б.97].

Таза кіріс кәсіпорынның иесінің толық иелігінде болады, сонымен бірге инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу, қаржы нарығында бос ақшалай қаражатты пайдалану, сондай-ақ жеке тұлғаның мүлкіне, кірісіне салық салу және т.б. бөлігінде қаржыны осылай басқарады.

Кәсіпорын иелігінде қалатын таза кіріс меншік иелерінің (акционерлер, жарнашылар, қатысушылар) шешімі бойынша бөлінеді. Қолданыстағы заңнама бойынша кейбір салықтар мен жиындар (мысалы, үстеме пайдаға салынатын салық) кәсіпорын иелігінде қалатын таза пайдадан төленетінін ескерген жөн.

Кәсіпорын иелігінде қалатын таза пайда екі бөлікке: жыл бойы оның жарғысында көзделген мақсатқа бөлінетінге және бөлінбейтін бөлікке бөлінеді. Соңғы бөлік жыл (тоқсан) соңында бөлінбеген пайданың болжанатын қалдығының мөлшерін көрсетеді. Меншік иелерінің шешімі бойынша кәсіпорын иелігінде қалатын бүкіл пайданың бөлінуін болжауға болады.

Жыл бойы пайда арнайы мақсаттағы қорға, мақсатты қаржыландыруға (мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мекемелерді және әлеуметтік инфроқұрылым объектілерін ұстауға), тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық бойынша залалдың орнын толтыруға, жарғылық қорды толықтыруға, қысқа мерзімді несиенің пайызын қолданыстағы заңнамада көзделген деңгейден тыс өтеу, негізгі құрал-жабдықты ұзақ мерзімге жалға алу үшін пайыз төлеуге, үлес пен жай акцияға дивиденд төлеуге және т.б. бағытталуы мүмкін. Пайданың бөлігі бөлінбей қалуы мүмкін.

Пайданы жыл бойы пайдалану бағыттары нақты кәсіпорынның жарғысында қарастырылған, ал олардың әрқайсысынан түсетін пайдадан аударылатын аударымның сомасын кәсіпорынның меншік иелері жыл сайын белгілейді [19, б.107].

Жыл бойы нақты пайда бекітілген сметаға сәйкес пайдаланылады. Жоспарлы шығысты қоспағанда, кәсіпорын иелігінде қалатын пайданың есебінен бюджеттен тыс қорларға кейбір төлем, өкілдік шығыс, жарнамаға жұмсалатын шығыс белгіленген норма мен нормативтен асқанда кадр даярлау мен қайта даярлауға жұмсалатын шығыс, сондай-ақ салық заңнамаысын бұзғаны үшін белгіленетін айыппұл санкциясы және т.б. төленеді.

Жыл басында кәсіпорынның кірісі мен шығысы, сондай-ақ есепті жылы пайданы пайдалану есебі жасалады, сондай-ақ бөлінбеген пайданың сомасы

анықталады. Меншік иелері табыс етілген есепті бекіткеннен кейін бухгалтерлік баланс ішінара өзгертіледі, яғни есепті жылы пайдаланылған пайданың сомасы есептен шығарылады, сонымен бірге меншік иелері бөлінбеген пайданы пайдалану жөнінде шешім қабылдайды [20, б.401].

Осы пайданың есебінен мүлікті ерікті сақтандыру төлемі төленеді, резервтік қор мен арнайы тағайындалған қор пайданы бөлу сметасы бойынша көзделген сомадан тыс толықтырылады, сондай-ақ мақсатты қаржыландыруға аударылатын аударым ұлғайтылады.

Жоғарыда келтірілген зерттеулер кәсіпорындағы пайданы талдаудың бүгінде кездейсоқ өзекті екендігін көрсетіп отыр. Ол пайданың өсуінің негізгі факторларын, ресурстарды тиімді пайдалануды, кәсіпорындардың потенциалды мүмкіндіктерін анықтауға, сондай ақ ішкі және сыртқы факторлардың пайда көлеміне әсерін, олардың бөліну тәртібін анықтауға мүмкіндік береді [21, б.43-44].

Рентабельдікті арттыру жолдарын анықтағанда ішкі және сыртқы факторлардың әсерін бөліп қарастыру керек. Өнім және ресурстар бағасы, тұтынылатын ресурстар көлемі және өндірілетін өнім көлемі, өткізуден алынған пайда және сауда рентабельдігі сияқты көрсеткіштер тығыз өзара функционалды байланыста болады. Моноөнім және моноресурстар үшін бұл көрсеткіштердің өзара байланысын келесі кесте арқылы көрсетуге болады (11-кесте).

11-кесте –Рентабельдікті арттыру жолдарын анықтау үшін қажетті көрсеткіштердің байланысы

Құндық өлшемдегі өнімінің көлемі (N)	=	Физикалық бірліктердегі өнім көлемі (q)	×	Бірлік өнімінің бағасы (Pp)
Ақшалай өлшемдегі өндірістік шығындар (S)	=	Пайдаланылған ресурстар көлемі, натуралды өлшемде (Z)	×	Бірлік ресурстың бағасы (Pr)
Табыстылық (N /S)	=	Ресурстардың өнімділігі (q /Z)	×	Өнім бағасында шығындардың өтелуі (Pp/ Pr)
Пайда (N-S)	=	Құндық өлшемдегі өнімінің көлемі (q×Pp)	×	Ақшалай өлшемдегі өндірістік шығындар (Z×Pr)
Ескерту: [21] дерек көзі негізінде құрастырылған				

Өнімді өндіру табыстылығы ресурстар өнімділік коэффициентін бірлік өнім және бірлік ресурс бағаларының арақатынасы коэффициенттерінің көбейтіндісі ретінде қаралады. Бірлік өнім және бірлік ресурс бағаларының

өзіндік құнының артуы нәтижесінде (ресурстарға бағалардың өсуі нәтижесінде, ресурстарға жұмсалған шығындар) өткізілетін өнімнің бағасында қосымша шығындардың өтелу мөлшерін көрсетеді.

Ірі кәсіпорындар өндірістің өзгерісін бақылау мәселелеріне көп көңіл аударып, сыртқы фактордың (қаржылық өтімділіктің) әсерін төмендетуге тырысады [22, б.126-127].

Себебі, ұсынылатын тауардың бағасын төмендету есебінен өнімді өткізу нарығын кеңейту кәсіпорынның ары қарай дамуының бір шарты болып табылады. Ал бұл процесс тұтынылатын ресурстар бағасының төмендеуімен қатар жүрмейтіндіктен, кәсіпорын табыстылығын құруда баға дефляторының ролі төмендейді. Бұл кәсіпорын басшылығының бақылау сферасын, өндірістік өнімділіктің өзгеруіне ауыстырады, яғни ішкі факторларға: материал және еңбек сыйымдылықтарын төмендету, негізгі қорлардың қайтарылуын арттыру жатады.

Осылайша өндіріс рентабельділігінің факторларынан оны арттырудың келесідей негізгі жолдарын көрсетуге болады.

- Пайда сомасын арттыру;
- Негізгі қорлардың пайдалану тиімділігін жақсарту;
- Айналым құралдарын пайдалану тиімділігін көтеру

Зиянсыздықты талдау кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың барынша маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Бұдан басқа, оны қолдану кәсіпорындағы өнімдер ассортиментінің рентабельдігін қалыптастыруда, бағаны қалыптастыруда және тиімді баға саясатын жасауда қажет болып табылады.

Сонымен, «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС қызметіне қолданылатын қаржылық талдаудың негізгі тапсырмаларын бөліп қарастырамыз:

- «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС ағымдағы төлемқабілеттігін бағалау, яғни қысқа мерзімді міндеттемелерін уақытылы қайтару;
- қаржылық тұрақтылығын бағалау;
- Мүлікті және заемдық капиталды басқару тиімділігін бағалау.
- Өндірістік және физикалық қызметтен алынатын пайдалылықты бағалау;
- Мүлікті пайдалану тиімділігін талдау;
- «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің қызметінің тәуекелін бағалау;
- Нақты қызмет түрлерінің жақсару мен нашарлауы жағдайындағы кәсіпорынның мүмкіндіктерін бағалау.

Жаңа тауарлық бағыттарды енгізу туралы ақырғы шешімді қабылдау үшін шығындарды талдау қажет, шығарылған өнім құны мен көлемін және күтілетін пайда көлемін анықтау қажет.

Жобаның экономикалық тиімділігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табыстылық индексі табылады. Жобаның экономикалық рентабельділігінің критерийі болып $ТИ > 1$ ден табылады. Біздің жағдайымызда бұл тиімді деп санаймыз.

Сонымен қатар, инвестициялардың орташа жылдық рентабельдігін де есептеу қажет. «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС инвестиция тартпайды, сондықтан бұл көрсеткіш біздің объект бойынша есептелінбейді.

Ұсынылған іс шараларды жүзеге асыру жағдайында кәсіпорын бюджетінің табысты бөлігінің көбеюі болады.

Жаңа өндірісті енгізудің оңтайлы сәті ретінде сату рентабельдігін және капиталдың айналымдылық коэффициентін айтуға болады.

Өндіріс тиімділігін арттырудың және интенсивтендірудің маңызды факторларының бірі болып үнемдеу тәртібі табылады. Ресурстарды жинақтау жанар-жағармай, энергия және материалдарға өсуші сұранысты қанағаттандыратын шешуші көзге айналуы қажет, кәсіпорынның негізгі қорларын тиімді пайдалану қажет.

Өндірісті интенсивтендірудің, оның тиімділігін арттырудың келесі факторы болып экономика құрылымын (отын-энергетикалық балансты жақсарту, инвестициялық саясатты жүргізу, капитал салымдарын тиімді пайдалануды арттыруды қамтамасыз ету) жетілдіру табылады.

Өндіріс тиімділігінде маңызды орынды ұйымдық-экономикалық, басмқарушылық факторлар алады. Бәрінен бұрын, өндірісті ұйымдастырудың рациональды формаларын – концентрация, мамандандыру, кооперация и комбинирлеу жетілдіру табылады.

Экономиканы интенсивтендіруде ресурстардың үлестік шығындарының төмендеуінің өнім сапасын арттыруға әкелуі маңызды орын алады [23, 6.72-73].

Кәсіпорынның тұрақты қаржылық жағдайы кәсіпорын қызметінің нәтижелерін анықтайтын өндірістік - шаруашылық факторларын дұрыс басқарудың толық жиынтығы болып табылады.

Кәсіпорынды қаржылық ресурстармен қамтамасыз ету қаржылық стратегияны, оны бағалау шамалары кәсіпорынның нақты қаржылық жағдайын талдау арқылы, ішкі және сыртқы факторлар негізінде құрылу қажет және келесідей мәліметтерді қамтуы керек, негізгі және айналым өнімдерінің, жеке және қарыз капиталының ұтымдылығы, табыстың инвестициялық және құнды саясатын бөлу.

Басты назарды табыстарды көтеру арқылы ішкі резервтерді табу және дайындыққа әзірлеу, өніммен қызмет құнын максималды төмендету, табысты бөлу саясатын дұрыс анықтау және кәсіпорынның айналым капиталын барлық сатыларда тиімді пайдалануға көшіру керек.

Кәсіпорынды қаржылық басқару процесі барысында шешілетін капитал ұтымдылығы ең басты және қиын мәселе болып табылады. Капитал құрылымының дұрыс бағытын құру есеп жүргізідің объективті және субъективті факторларды тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайы активтерге салынған қаржының жылдам нақты ақшаға қалай аударылуымен тікелей байланысты. Қаржының айналымда жүру процесі кәсіпорын қызметінің ішкі жағдайларымен анықталады, бірақ мұнда ең бастысы оның активтерімен басқару

стратегиясының тиімділігі немесе оның болмауы.

Кәсіпорын қызметінің тиімділік деңгейін бағалау үшін алынған нәтижеге (жалпы табыс, пайда) кеткен шығындар немесе пайдаланған ресурстармен салыстырылады. Пайданың шығындармен өлшемдестігі пайдалылықты немесе толығынан пайдалылық мөлшерін білдіреді.

Кәсіпорындардың және олардың бөлімшелерінің белгілі бір мерзімінде атқарған жұмысының тиімділігі өндірістің пайдалылығымен айқындалады. Пайдалылық дегеніміз – кәсіпорынның пайдамен және табыспен жұмыс істеуі [24, б.34-35].

Экономикалық категория ретінде пайдалылық кәсіпорынның тек қана ағымдағы өндірістік шығындарды өнімдер сатумен қызметі үшін ақшалай өндіріп алынған қаржымен өтеу қабілеттілігін ғана емес, сонымен бірге өндірісті ұлғайтуға және дамытуға, еңбекшілердің мәдени – тұрмыс дәрежесін арттыруға қажетті пайда ала алатындығын да көрсетеді.

Кәсіпорын табысын арттыру төмендегілердің есебінен болуы мүмкін:

- активтер рентабельдігін көбейту;
- өнімдер рентабельдігін және активтердің айналымдығын көтеру;
- ұйым құрылымын қайта өзгерту;
- қаржылық менеджментті жетілдіру;
- өзіндік құнды төмендету (барынша арзан шикізат түрлерін, материалдарды, жанар жағар майды пайдалану, қызмет көрсету шығындарын және өндірісті басқару шығындарын қысқарту);
- өнімді өндіру және сату көлемін көбейту;
- өндірістік ресурстарды қолданудың тиімділігін арттыру;
- коммерциялық және басқарушылық шығындарды азайту;
- өнім сапасы мен ассортиментін арттыру;
- жарғылық және меншікті капиталдың айналымдылығын жақсарту.

Кәсіпорын рентабельдігін арттырудың жолдары:

- қалыптасқан нарықтық қатынастар жағдайында өндіріс тиімділігін арттырудың барлық факторларының әрекет ету мүмкіндігін кеңейту;
- халық шаруашылығын құрылымдық қайта құруды жүзеге асыру, оны тұтынуға бейімдеу;
- жоғары технологиялар негізінде құрылысты модернизациялау;
- әлемдік ғылыми-техникалық деңгейден артта қалуды жою және т.б.

Рентабельдік деңгейін арттыру пайда массасының көбеюіне, өнімнің өзіндік құнының төмендеуіне, өндірістік қорлардың пайдаланылуын жақсартуға қабілетті болады. Рентабельдік көрсеткіштерін кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалауда пайдаланады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Кешенді қаржылық талдаудың экономикалық маңызы кәсіпорын дәл, жан-жақты, уақытылы экономикалық құбылыстардың себеп-салдарының байланыстарын зерттеп және іс-әрекеттердің тиімділігін арттыру жолдарын анықтау үшін оларды іске асыру бойынша жоспарланған шараларды әзірлейді. Кешенді қаржылық талдаудың негізгі мақсаты болып, ұйымның қызметін болжау және қаржылық-шаруашылық саласындағы жетістіктерді бағалау. Кешенді қаржылық талдаудың міндеттері: ұйымды дамытудағы айқын тенденцияларды анықтау, іс жүзіндегі жағдайды есептеу, әлсіз жақтарын анықтау, резервтерді іздеу, қаржы жағдайын жақсарту үшін қажет өнім сапасы, өндірістің немесе сатылымның артуының жолдарын іздестіру.

Экономикалық талдау әдісімен біз ұйымның экономикалық және қаржылық қызметін сипаттайтын экономикалық даму мен қалыптастыруда экономикалық көрсеткіштерді зерделеудің диалектикалық әдісімен таныстық. Экономикалық талдау әдісінің сипаттамалық ерекшеліктері: индикаторлар жүйесін пайдалану, осы көрсеткіштердің себептерін зерттеу, олардың тиімділігін арттыру мақсатында арасындағы қарым-қатынасты анықтау және өлшеу. Бұл анықтама ұйымның барлық қызметін сипаттайтын экономикалық көрсеткіштерді зерттеуге арналған диалектикалық тәсілге баса назар аудартады. Кешенді экономикалық талдау кәсіпорын басшылары үшін маңызды болып табылады.

Кешенді экономикалық талдаудың басты мақсаты ұйымды ғылыми зерттеулер арқылы қаржы ресурстарының өсу қарқынының тиімділігін арттыру. Оларға қол жеткізу бағытында өткен қызметті бағалау, экономикалық мониторинг жүргізу, теріс нәтижелерді болдырмау жөніндегі шараларды әзірлеу, қызмет өнімділігін арттыруға байланысты ұсыныстар әзірлеу және экономикалық негізге сәкес жоспарлауды дайындау маңызды орын алады.

Кешенді қаржылық талдау жүргізу барысында, ең алдымен, ұйымның активтері мен міндеттемелеріне және капиталға талдау жасалынды. Оның көмегімен біз 3 жылға арналған үлес салмақты анықтадық.

Келесі кезекте қаржылық - шаруашылық жағдайына кешенді талдау жүргізілді. Соған қоса қор сыйымдылығы, қор қайтарымдылығы, қор қарулығы есептелінді. Ұйымның өндірістік қызметін бақылау мақсатында, негізгі құралдардың және өзіндік құнның құрамына толыққанды талдау жүргізілді. Негізгі құралдардың өсуі сатудан түсетін табыстың айтарлықтай ұлғаюымен және кәсіпорынның пайдасымен түсіндіріледі.

Қаржылық жағдайды кешенді талдаудың негізгі көздері кәсіпорынның балансы мен қаржылық нәтижелер туралы есебі болып табылады. Қаржылық талдау жүргізудің негізгі әдістері: өтімділікті, рентабельділікті, тізбектелген қойылымдар әдісі қолданылды және ұйымның техникo-экономикалық жағдайы, сонымен қатар банкрот болуы ықтималдығы есептелінді. 2015-2017 жылдар

аралығында абсолютті өтімділік коэффициенті нормативтік деңгейден төмен болды.

Кәсіпорынның балансын 2015-2017 жылдар кезінде талдау барысында активтердің ішінен ең үлкен үлесті қысқа мерзімді активтер алуда. Сонымен қатар міндеттемелер талдау кезінде ең көп салмақты қысқа мерзімді міндеттемелер алып отыр. Демек активтер мен пассивтерді топтастыру барысында соңғы жылдары қысқа мерзімді активтер 99,98 % - ға, қысқа мерзімді міндеттемелер 83,2 % - ға өзгерген.

Екінші кезекте, ұйымның өтімділігі және рентабельділігі талданды. Бұл үдеріс кезінде жалпы өтімділік коэффициенті соңғы жылы жоғары көрсеткішті көрсетті. Ал рентабельділік болса, ұйым үшін маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады. Себебі қандай да бір кәсіпкер кәсібін ашқаннан кейін максималды пайда табуды көздейді. Біздің жағдайда 3 жылдың рентабельділік көрсеткіштері алынып, ұйымның табыстылық динамикасы біркелкі емес екені байқалды. Мысалы, сату табыстылығын алатын болсақ, 2015 жылы 0,1 коэффициентті, 2016 жылы 0,9 коэффициентті, 2017 жылы 0,09 коэффициентті құрады.

Үшінші кезекте, ұйымның қаржылық-шаруашылық қызметіне салыстырмалы сипаттама берілді. Бұл талдау барысында ерекше көзге түскен өнімді өткізу мен қызмет көрсету кезінде ұйымның өзіндік құны 30 706 513 мың теңгені құрап отыр. Себебі еңбек өнімділігі мен басқа да шығындардың өсуі табыстылық деңгейін төмендетіп тұр. Бұл ұйым үшін оң нәтиже бермейді.

«Өзен Сантехобслуживание» ЖШС қаржы көрсеткіштерін нашарлағанына байланысты 2015-2017 жылдар кезеңінде бұл сұраныстың төмендеуіне кірістер мен кіріс бөлімдерінің құлдырауы, кредиторлық борыштың өсуі, меншікті капиталдың азаюы әсер етті. Сондықтан қаржы-экономикалық көрсеткіштерді жақсарту жөніндегі шараларды әзірлеу керек.

Бұл мәселелерді шешу жолдары жарнаманы және маркетингтік саланы жетілдіру, сонымен бірге ВРМ ұсынған тұжырымдар негізінде әрекет ету қажет. Тұжырымдама дер кезінде белгілі бір уақыт аралығындағы мәселерді тиімді және тез шешуге септігін тигізеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Өсербайұлы С. Корпоративтік қаржы. Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 323 б.
- 2 Абрютин М.С., Грачев А.В. Анализ финансово-экономической деятельности предприятия, М.ЮНИТИ, 2012. – 456 с.
- 3 Балабанов И.Т., Финансовый анализ и планирование хозяйствующего субъекта. – 2-е изд., доп. – М.: Финансы и статистика, 2015. – 208 с.
- 4 Мейірбеков А.Қ., Қ.Ә. Әлімбетов. Кәсіпорын экономикасы. -Алматы: Жеті жарғы, 2013. - 249 б.
- 5 Өсербайұлы С., Калымбекова Ж., Қаржы менеджменті. Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 381 б.
- 6 Тасмағанбетов Т.А., Әбленов Д.О. Бизнестегі есеп пен талдау. Оқу құралы.-Алматы: Дәуір, 2011.- 387 б.
- 7 Ковалев В.В. «Финансовый анализ: Управление капиталом. Выбор инвестиций. Анализ отчетности», - М.: «Финансы и статистика», 2017. - 465 б.
- 8 Жакупова А. Некоторые вопросы, касательно рентабельности организаций // Материалы МНПК «Проблемы развития предприятий в условиях посткризисного развития экономики», Алматы, Сборник научных статей, 2015. – 412 с.
- 9 Попова Р.Г., Самонова И.Н., Доброседова И.И., Финансы предприятий, — СПб: Питер, 2016. – 457 с.
- 10 ҚР «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі N 220 Заңы (2019 жылғы 21 қаңтардағы толықтырулар мен өзгерістерді ескере отырып)
- 11 «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС-нің 2015- 2017 жж. қаржылық есептіліктері
- 12 Оңалту және банкроттық туралы ҚР –ның Заңы №176 – V, 07.03.2014 ж.
- 13 Дүйсенбаев К.Ш., Төлегенов Э.Т., Жұмағалиева Ж.Г. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау. Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2011.- 283 б.
- 14 Сапарова Б.С. Финансовый менеджмент. Алматы: Экономика, 2014. – 367 с.
- 15 Притворова Т., Таубаева А. Пути совершенствования прибыльности (рентабельности) организации // Вестник КазНУ, 2018. - № 9-10. – С.47-53
- 16 Родионова В.М., Федотова М.А. «Финансовая устойчивость предприятия в условиях инфляции». М.: ЮНИТИ, 2016. - 503 с.
- 17 Жуйриков К.К. «Финансовый анализ предприятия, Алматы: АЭСА, 2014. – 353 с.
- 18 Жуйриков К.К., Раимов С.Р. «Корпоративные финансы». Алматы: АЭСА, 2013. – 471 с.
- 19 Бөкенов А.Ж., Ақанаева А.Т. Корпоративтік қаржы. Қарағанды: Іскер –Издат, 2015. – 334 б.

20 Ковалев А.И., Привалов В.П. «Анализ финансового состояния организации. М.: КНОРУС, 2013. - 516 с.

21 Сариева Ж. Вопросы повышения рентабельности на предприятиях нефтегазового сектора РК // Вестник КазЭУ, 2015. - № 11. – С.47-53

22 Бахтиярова А.А. Рентабельность производства и пути ее повышения // XVIII Международная научно-практическая конференция «Фундаментальные науки: инновационное развитие», Пенза: МЦНС «Наука и Просвещение», 2018.- С.41-49

23 Асанова А.А. Пайда және кәсіпорын рентабельділігі: мәні, көрсеткіштері және жоғарылату жолдары // Интернаука, 2017 - №11. – Б. 71-76

24 Федорова С.В. Прибыль и рентабельность как ключевые показатели эффективности работы предприятий // XII Международная научно-практическая конференция «Вопросы современных экономических исследований», М.: Издат-М, 2018. - С. 32 -41

Қосымша А
БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС
«Өзен Сантехобслуживание» ЖШС, 2015-2017жж. жағдайына

мың теңге

	Жол коды.	31.12.2017	31.12.2016	31.12.2015
Активтер				
I. Қысқа мерзімді активтер				
Ақша қаражаттары	010	109 236 512	2 026 485	100 477
Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар	011			
Қысқа мерзімді дебиторлық қарыз	012	9 983 726	-	236 066 337
Қорлар	013	38 739 503	1 871 679	1 871 679
Ағымдағы салықтық активтер	014	2 718 858	308 187	61 572
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	015			
Басқа да қысқа мерзімді активтер	016	16 802 927	12 466 223	-
Барлығы қысқа мерзімді активтер	100	177 481 527	16 672 574	238 100 065
II. Ұзақ мерзімді активтер				
Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар	020			
Ұзақ мерзімді дебиторлық қарыз	021			
Үлестік қатысу әдісімен ескерілген инвестициялар	022			
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	023			
Негізгі құралдар	024	3 440 565	3 230 080	3 222 485
Биологиялық активтер	025			
Барлау және бағалау активтері	026			
Материалдық емес активтер	027	35 775	43 875	51 975
Кейінге қалдырылған салықтық активтер	028			
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	029			
Барлығы ұзақ мерзімді активтер	200	3 476 340	3 273 955	3 274 460
Баланс (жол 100 + жол 200)		177 517 302	16 716 449	238 152 040
Міндеттемелер және капитал				
III. Қысқа мерзімді міндеттемелер				
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	030			
Салықтар бойынша міндеттемелер	031	1 117 414		941 886
Басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша міндеттемелер	032	922 908	(676)	-
Қысқа мерзімді кредиторлық қарыз	033	176 196 881	23 506 419	235 642 565
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	034			
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	035	44 100 334	18 422 833	-
Барлығы қысқа мерзімді міндеттемелер	300	222 337 532	41 928 576	236 584 449
IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер				
Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	040	-	-	-
Ұзақ мерзімді кредиторлық қарыз	041	-	-	-
Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері	042	-	-	-
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	043	-	-	-
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	044	-	-	-
Барлығы ұзақ мерзімді міндеттемелер	400	-	-	-
V. Капитал				
Жарғылық капитал	050	100 000	100 000	100 000
Төленбеген капитал	051			
Сатып алынған меншікті үлестік құралдар	052			
Эмиссионды табыс	053			
Резервтер	054			
Бөлінбеген табыс (жабылмаған зиян)	055	(44 920 234)	(25 312 127)	1 467 591
Үлескерлер үлесі	056			
Барлығы капитал	500	(44 820 234)	(25 212 127)	1 567 591
Баланс (жол 300 + 400 + жол 500)		177 517 302	16 716 449	238 152 040

Қосымша Ә

КІРІСТЕР МЕН ШЫҒЫСТАР ТУРАЛЫ ЕСЕПТІЛІК «Өзен Сантехобслуживание» ЖШС, 2015-2017жж. жағдайына

		мың теңге		
КӨРСЕТКІШТЕР АТАУЫ	Жол коды	31.12.17	31.12.16	31.12.15
Өнім өткізуден және қызмет көрсетуден түскен табыс	010	367 761 538	23 571 429	179 852 881
Өткізілген өнімнің және көрсетілген қызметтің өзіндік құны	020	333 277 942	23 571 429	158 027 471
Жалпы пайда (жол 010 – жол 020)	030	34 483 595	-	21 825 411
Қаржыландырудан түскен табыстар	040			
Басқа да табыстар	050	3 921 088	-	172 961 705
Өнім өткізуге және қызмет көрсетуге шығыстар	060	10 761 719	1 297 109	-
Әкімшілік шығыстар	070	40 622 796	25 482 608	48 819 392
Қаржыландыруға кеткен шығыстар	080	464 752		
Басқа да шығыстар	090	6 163 529	-	144 134 754
Үлестік қатысу әдісімен ескерілген ұйым пайдасының/ зиянның үлесі	100			
Кезеңдегі жалғасушы қызметтен түскен пайда (жол 030 + жол 040 + жол 050 – жол 060 – жол 070 – жол 080 – жол 090 +/- жол 100)	110	(19 608 108)	(26 779 717)	1 832 970
Токтатылған қызметтен түскен пайда (зиян)	120			
Салық салуға дейінгі пайда (зиян) (жол 110 +/- жол 120)	130	(19 608 108)	(26 779 717)	1 832 970
Корпоративті табыс салығы бойынша шығыстар	140	-	-	365 379
Үлескерлердің үлесін алғанға дейінгі кезеңнің жиынтық пайдасы (зияны) (жол 130 – жол 140)	150	(19 608 108)	(26 779 717)	1 467 591
Үлескерлердің үлесі	160			
Кезеңдегі жиынтық пайда (зиян) (жол 150 – жол 160)	170	(19 608 108)	(26 779 717)	1 467 591
Акцияға салық	180			

Қосымша Б
АҚША ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕПТІЛІК
«Өзен Сантехобслуживание» ЖШС, 2015-2017жж. жағдайына

теңге

КӨРСЕТКІШТЕР АТАУЫ	Код жол	31.12.2017	31.12.2016	31.12.2015
1	2	3	4	5
I. ОПЕРАЦИОНДЫ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТТАР ҚОЗҒАЛЫСЫ				
1. Ақша қаражаттар түсімі, барлығы	010	705 259 477	132 732 607	99 086 000
Соның ішінде:				
Тауарларды сату	011			
Қызметтер ұсыну	012	489 232 292	131 679 000	99 086 000
Алынған аванстар	013			
Дивидендтер	014			
Басқа да түсімдер	015	216 027 185	1 053 607	-
2. Ақша қаражаттар шығысы, барлығы	020	590 149 450	130 806 599	99 085 523
Соның ішінде:				
Тауарлар мен қызметтер үшін жабдықтаушыларға төлемдер	021	434 230 657	24 650 541	97 129 595
Берілген аванстар	022			
Еңбек ақы бойынша төлемдер	023	22 628 220	17 612 722	966 508
Қарыздар бойынша сыйақы төлемдері	024	464 752	-	-
Корпоративті табыс салығы	025			
Бюджетке басқа да төлемдер	026	30 713 465	4 243 709	573 039
Басқа да төлемдер	027	102 112 356	84 299 627	416 309
3. Операционды қызметтен ақша қаражаттардың таза сомасы (жол 010 – жол 020)	030	115 110 027	1 926 008	477
II. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТТАР ҚОЗҒАЛЫСЫ				
1. Ақша қаражаттар түсімі, барлығы	040			
Соның ішінде:				
Негізгі құралдарды сату	041	-	-	-
Материалдық емес активтерді сату	042	-	-	-
Басқа да ұзақ мерзімді активтерді сату	043	-	-	-
Қаржылық активтерді сату	044	-	-	-
Басқа ұйымдарға берілген қарыздарды жабу	045	-	-	-
Фьючерстік және форвардтық келісім-шарттар, опциондар және своптар	046	-	-	-
Басқа да түсімдер	047	-	-	-
2. Ақша қаражаттар шығысы, барлығы	050			
Соның ішінде:				
Негізгі құралдарды сатып алу	051	-	-	-
Материалдық емес активтерді сатып алу	052	-	-	-
Басқа да ұзақ мерзімді активтерді сату	053	-	-	-
Қаржылық активтерді сатып алу	054	-	-	-
Басқа ұйымдарға қарыздар беру	055	-	-	-
Фьючерстік және форвардтық келісім-шарттар, опциондар және своптар	056	-	-	-
Ассоцияланған және еншілес ұйымдарға инвестициялар	057	-	-	-

Б – қосымшасының жалғасы

1	2	3	4	5
Басқа да төлемдер	058	-	-	-
3. Инвестициялық қызметтен ақша қаражаттардың таза сомасы (жол 040 – жол 050)	060			
III. ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТТАР ҚОЗҒАЛЫСЫ				
1. Ақша қаражаттар түсімі, барлығы	070			100 000
Соның ішінде:			-	
Акциялар және басқа қағаздардың эмиссиясы	071		-	100 000
Қарыздар алу	072		-	-
Қаржыландырылған жал бойынша сыйақы алу	073		-	-
Басқа да түсімдер	074		-	-
2. Ақша қаражаттар шығысы, барлығы	080	7 900 000		
Соның ішінде:				
Қарыздарды жабу	081	7 900 000	-	-
Сыақыларды төлеу			-	-
Меншікті акцияларды сатып алу	082		-	-
Дивидендтерді төлеу	083		-	-
Басқа да төлемдер	084		-	-
3. Қаржылық қызметтен ақша қаражаттардың таза сомасы (жол 070 – жол 080)	090	(7 900 000)		100 000
БАРЛЫҒЫ: Ақша қаражаттардың ұлғаюы+ / - азаюы (жол 030 + / - жол 060 + / - жол 090)		107 210 027	1 926 008	100 477
Есепті кезең басындағы ақша қаражаттар және олардың эквиваленттері		2 026 485	100 477	
Есепті кезең аяғындағы ақша қаражаттар және олардың эквиваленттері		109 236 512	2 026 4858	100 477